

Жанғара Дәдебаев,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ЖАҢА ЗАМАН ПОЭЗИЯСЫ¹ (Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы)

Тәуелсіздік – қазақ халқы үшін қасиетті ұғым. Бодандықтың, тәуелділіктің азабы мен ауыртпалығын әркім өзінше көріп, өзінше көтерді. Бірақ бодандықтың, тәуелділіктің азабы мен ауыртпалығын, залалы мен зардабын қазақ поэзиясындай көріп, қазақ поэзиясындай көтерген поэзия жер бетінде жоқ. Сондықтан да Тәуелсіздік туы көтерілгенде, Тәуелсіздік таңы атқанда, қазақ поэзиясындай сабырмен қуанған, ғасырлар бойы іздеген жоғын енді табардай болып, ғасырлар бойы күткен жақсылығы енді жетердей болып, келер күніне сеніммен қараған поэзия да жер бетінде көп емес десек болады.

Тәуелсіздік қуанышы, тәуелсіз халықтың келер күніне деген сенімі тәуелсіздік кезеңінің поэзиясында ерекше көрініс тапты. Мемлекеттік тапсырыс аясында «Жаңа заман әдебиеті. Поэзия», «Қазіргі қазақ поэзиясы» сериялары бойынша тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының үлгілері баспадан шыға бастады. Тәуелсіздік заманы поэзиясының таңдамалылары әлем халықтары тілдеріне аударылып, баспалардан жарық көре бастады, бір топ ақындардың шығармалары түрік тіліне аударылып, түрік әлеміне жол тапты.

Тәуелсіз мемлекет, тәуелсіз ел құру - ел үшін де, мемлекет үшін де, халық үшін де тарихи мәні бар, өмірлік маңызы зор іргелі іс. Мұндай істің аясындағы үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты оқиғалар, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар, игі идеялар, мәнді мақсаттар, жолдаулар мен қолдаулардағы орасан ойлар тәуелсіздік заманы поэзиясының мазмұнын байытуға септігін тигізетін рухани құндылықтарды қамтыды.

Тәуелсіз, жаңа мемлекет құру оңай болмағаны түсінікті. Социалистік мемлекеттің шаруашылық жүйесін жойып, жаңа, тәуелсіз мемлекеттің құқықтық, басқару, атқару, саяси, шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік жүйелерін жасау кезеңі түрлі қиындықтармен қатар жүргені белгілі. Тәуелсіздік дәуірінің поэзиясында мұндай қиындықтар да, тәуелсіз мемлекеттің жетістіктері де лайықты көрініс тапты.

Поэзияның ерекшеліктері, баянды байлығы мен қымбат қазынасы автор тұлғасының шығармашылық даралығымен тығыз байланыста қалыптасады.

¹ Негізі мына басылымда жарияланған: Қазіргі қазақ әдебиеті: ұжымдық монография / Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 10-44-беттер

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының дамуына мол үлес қосқан ақындардың шығармашылық даралығы олардың өмірбаян ерекшеліктерімен өзектес өрілген. Оларды азаматтық, шығармашылық өмірбаянының ерекшеліктеріне қарай басты екі топқа бөлуге болады: а) ақындық, азаматтық болмысы Тәуелсіздікке дейін қалыптасқан шығармашылық тұлғалар; ә) ақындық, азаматтық болмысы Тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан шығармашылық тұлғалар.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі қазақ әдебиетінің барлық жанрында басты тақырыпқа айналды, әсіресе поэзия мен публицистикада терең тебіреніспен пайымдалды. Қазақстан Тәуелсіз мемлекет, тәуелсіз ел болып жарияланған жылды, Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңін ақындар мен көсем сөз шеберлері қатарында гүлдей жайнап, күндей балқып толғағандары да, ой бағып, ойланғандары да болды.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы - тәуелсіздік рухы күрескерлік рухымен ұштасқан қазақ жастарының намысы ойнап, қаны қайнап, бостандыққа ұмтылған сұрапыл бұлқынысынан туған көтеріліс. Желтоқсан көтерілісі, оның құрбандары, ерлері – қазақ поэзиясының өзекті тақырыптық желісіне айналды. Желтоқсан көтерілісі өткен Жаңа алаң, онда Тәуелсіздік үшін төгілген қан, содан бері өткен әр желтоқсан айы қазақ поэзиясында ерлік рухтың ғана емес, қайғылы хәлдің де қозғаушы күшіне, тарихи есті жаңғыртушы қуат көзіне айналды.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын-драматург, жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері **Нұрлан Оразалин**:
«Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған», -
деп жырлады. Жыр сарыны 1987 жылдан бүгінге дейін жалғасуда.

Кешір, қарғам, тұра алмадық араша,
Шаққан сәтте бәрі сені араша.
Ай астында жалғыз қалып өксідім,
Жұртым үшін намыстанып балаша.

«Теріс» деуге жарай алмай терісті,
Күдік, үрей көкіректе керісті.
Ел екенбіз ертегіге алданған,
Бір-ақ күнде қан жалады жер үсті, -

деген жолдарды оқыған оқырман ақынның сезім күйін сезінбей қалмайды, өзі де қиналады.

Желтоқсанда өздерінің азаматтық құқын қорғап, азаматтық ұстанымын білдіріп, бейбіт шеруге шыққан жас жігіттер мен бой жеткен қыздарды темір сойылмен ұрып, шаштан сүйреп, желтоқсанның қақаған аязды суығында сумен атқылап, тіпті соғыс техникасын жүргізіп, қарулы күшпен жаншып,

басқан тажалға қарсы жастарға араша түсер, қорған болар ешбір қайрат көрсете алмау бодандағы елдің болымсыздығы, бодандағы ердің құлдығы еді. Өрімдей жастар, інілері мен қарындастары осындай сұрапыл сойқанның құрбаны болып бара жатқанда, ақын өзінің ешқандай қайрат көрсете алмағанына налиды, бұған дейін доспыз, жолдаспыз, бауырмыз деп келген жаттың жаудан жаман шауып, ұлттың ұлын құлдай, қызын күндей ұрып-соғып, қырып-жойғанына күйзеледі.

Амал қанша?
Бәрін шыққыр көз көрді.
Беріп қойдық сатқындар мен езге өрді.
Арым үшін таяқталған налыдым,
Бір-ақ күнде ішім менің өзгерді.

Арқалаған аңқау елдің тілегін,
Арандадың аңдаусызда, түлегім.
Көзім менің сол қырғында ашылды,
Көңілімде қырғи болып түледің, -

деген жолдарда елдің жас түлектеріне тиген соққының иелеріне, өлген, қырылған, өлімші болған жастың обалына қалған сатқындар мен ездерге лағнет айтады, елдің өсер өркеніне жұмсалған қарудың өзінің арына, ұлттық намысына тиген соққы екенін ашынып, таудай еңсесі басылып, жігері құм болып, өкси отырып білдірді. Өлеңінің соңын ақын Желтоқсан суығына ұрынған інісіне арнаған сөзімен бітіреді:

Өзгеше едің...
Жазылмаған жыр едің.
Кешір, інім, бола алмадық тірегің.
Сенің қайғың жарам болды жазылмас,
Соны ойласам, сыздайды ылғи жүрегім.

1986 жылғы Желтоқсан кеңес өкіметінің іріп-шірігенін, социалистік, коммунистік мақсат пен мұраттың желге ұшқанын, ел ішінен шыққан сатқындар мен ездердің, дүние пайдасын көздеген қорқаулардың дегені жүре бастағанын аңғартты. Желтоқсан өтті, оның жастардың жүрегіне мұз болып қатқан ызғырығынан түскен жара қалды.

Нұрлан Оразалин «Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған» циклындағы келесі бір өлеңін былай аяқтайды:

Кеме шығып қайраңға... Қайық тайды...
Ұлысты да уақыт байыптайды.
Жаңа алаңда жарам бар жазылмаған,
Уақыт өзі жендетін айыптайды!..

Айыптайды...

Ақын өз жарасын айта отырып, барша жұрттың жүрегінде шемең боп қатқан шерді қозғайды. Тәуелсіздік поэзиясында Желтоқсан жарасы ел жүрегіндегі көп жарадан түскен көп жамаудың жаманы болып бейнеленді.

Нұрлан Оразалиннің «Үш томдық таңдамалы туындылар. 3-том. Жыр кітабы» (Алматы: Жазушы, 2006) қамтыған тақырыптардың бірі – қайыршылық. Бұл ретте ақынның «Қара шал, қара бақыр» өлеңі әлеуметтік өткірлігімен, үмітсіз қайыршылықтың қайырымсыздығын қапысыз қамтуымен ерекшеленеді.

Қайыршының қолында – қара бақыр,
Жанарында - жазылмас жара жатыр.
Жүрегінде...
Кім білсін қандай майдан?
Тану қиын...
Кел дағы қара да тұр.

Тәуелсіз елде, Тәуелсіз мемлекетте қоғам мүшелерінің, азаматтардың қайыршылық күй кешуіне жол берілмейді, берілуге тиіс емес деу оңай. Қоғамда қайыршылық жалпы сипат алып, кәсіп етудің бір түрі ретінде қалыптасатын болса, оған ақынның қабырғасы қайыспай қалмайды.



Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Ұлықбек Есдәулет** «Қазіргі қазақ поэзиясы» сериясымен жарық көрген «Ғұмыр жас» кітабында «Көк бөрінің рухы» жайында жалындап жырлап келіп:

Замандарды көп көріп тар-қысталаң,
Айбалтадай жарқ еттің шарға ұстаған.
Дүниені жібердің жап-жарық қып,
Желтоқсанның жасыны, алғыс саған! –

деп толғанды. Желтоқсан көтерілісінің қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресінің тарихында, азаматтық тарихында, тағдыр-талайында алатын орны үлкен. Желтоқсанда төгілген қанның, қиылған жанның өтеуіндей болып атқан Тәуелсіздік таңының арайында қуаныш қана емес, бодандық бұғауында бұлқынған қилы заманның қайғысы да болды. Әйтсе де Тәуелсіздіктің қасиеті тебіrentпей қоймады. Осы тебіреністің бір ерекше сырын Ұлықбек Есдәулет бостандықпен байланысты ашады:

Мұзарт шыңдай тұратұғын мұнартып,
Қол жетпеген арман едің құны артық.

Сенің атың дұғамыздан түспеген,
Қасиеттеп тағатұғын тұмар қып.
Кешіп жүріп қан аралас көз жасын,
Аңсап едік, құштарланып, құмартып...

Бостандықтың қадірін халық біледі. Бодан халық, бодандағы ер бостандықтың, тәуелсіздіктің қадірі мен қасиетін қаны мен терін төгіп жүріп, қан мен тер сіңген сазды толарсақтан кешіп жүріп білді. Сондықтан оның баяғы ата-бабаларының заманындағы еркіндікті, теңдік пен тәуелсіздікті іздеуі де, оны аңсауы да, сол үшін күресуі де, тіпті сол жолда қаны мен терін төгіп, жанын қиюы да өзгеше, өзгелерден бөлек. Қазақ халқының тарихи есіндегі тәуелсіздік, еркіндік, бостандық рухының осындай ерекшелігі бар. Ұлықбек Есдәулет қазақ халқының тарихи есіндегі тәуелсіздік, еркіндік, бостандық рухының естен кетпестей болып сақталып қалған осындай ерекшеліктерін көрсетеді. Ондағы ерекшеліктердің әрқайсысы – қилы кезеңдерімен, қиын асуларымен ғасырлар кеңістігін алып жатқан ұлы сурет.

Сыңғырлаған бұлақтарды суалтып,
Сыбдырлаған құрақтарды қуартып,
Үміт нұры үзілерде үздігіп,
Келген едің жыл құсындай қуантып.

Ақын тәуелсіздіктің, бостандықтың келуіндегі ерекшеліктерді де көркем өрнектейді. Халықтың даласы мен қаласындағы, саласы мен санасындағы сыңғырлаған бұлақтар суалғанда, сыбдырлаған құрақтар қуарғанда, елдің үміт нұры үзілер халге жетіп, ер үздігіп тұрған шақта келген ердің еркіндігінен, елдің бостандығынан, мемлекеттің тәуелсіздігінен ардақты құт болмайды. Құттың қонуы қандай қиын болса, оны ұстап тұру да оңайға түспейді. Оны ұстап тұрудың кепілі – құтты білік. Құтты білік ұлтқа ұлттың тілі арқылы, ұлттық ойлау жүйесі арқылы дарып, ұлттық, мемлекеттік құндылыққа айналады.

Тәуелсіздік кезеңі поэзиясының үзілмей жалғасқан мұңды бір сарыны, тыйылмаған зары туған тілдің аянышты халі болды. Осы сарынның зары Ұлықбек Есдәулет поэзиясының гүлдей жайнаған, оттай лаулаған отаншыл сазының әлемінде жанның жарасын ашытатын, көңілдің көзін жасытатын күйге айналды. Ақын көп томдық шығармалар жинағының үшінші томында (2006) туған тілі туралы толғанғанда, осы күйдің шындығын суреттеді:

Етектегі тасыңды
Өрге апарсам деп едім,
Есіктегі басыңды
Төрге апарсам деп едім,
Өз елінде өгейлі,
Кісі үйіне кегейлі,

Кенезелі күйіңе
Көл қотарсам деп едім.
Бұлт басқан көгіңді
Нұр жайнатсам деп едім.
Тереңдегі кеніңді
Күнге ойнатсам деп едім.
Кеуіп қалған көніңді
Қымыз құйып жібітіп,
Құлақ құрышын қандырып,
Сырнайлатсам деп едім...

Өлеңде туған тілдің бағын ашып, құтын тасытуды арман етіп, алуан түрлі асыл тілек тілеген, ақық ниет нұрымен балқыған ақындық қуат айрықша қасиетін ашады. Басынан нокта кеткенмен, тілінен құрсау алынбаған адамның, адамзаттың теңдігі қандай, елдігі қандай болса, жырдың жанары, өлеңнің өрімі сондай. Жыр жанарындағы, өлең өрімінің өзегіндегі ой мен сезім жапырағы «ескі үміттей» сарғайып, желсіз күннің көзінде бірде елбіреп, бірде қалтырап тұрғандай.

Аталған кітаптағы:

Қашқандар мен босқандардың
Панасысың, Отаным,
Асқандар мен тасқандардың
Табасысың, Отаным,
Жанарымның ағы менен
Қарасысың, Отаным,
Жазылмайтын жүрегімнің
Жарасысың, Отаным... –

деген өлең жолдарындағы сырда да шалқыған, жалын-лебі жанды шарпыған оттай ыстық шындықтың ағысы бар.

Шындық дегенде, санамыздан тыс тұрған болмыстың қалпы туралы ойланамыз. Отан дегеніміз де нақты, затты болмыс. Ақын өлеңінде ақын мен Отан арасында алшақтық жоқ, ақын мен Отан бірбүтін, Отан ақынның болмысына айналған. Отан болмысын осылай суреттеу арқылы ақын өзі мен Отанның шындығын бір тағдырдың шындығы, бір тағдырдың шырылы қалпында толғайды. Өмірлік мәні зор шындық құбылыстардың сыны мен сырын ақын жанарының ағы мен қарасына тұндырады, ақындық таным кеңістігі, өлең, өлеңнің лебі туған даланың таңғы ауасындай тап-таза, тұнық. Отанын жүрегінің жазылмайтын жарасына балағанда да ақын шындықтың жүзінен таймайды. Ақынның Отанын ақынның жүрегінің жарасына айналдыру ақынның өз қалауымен, өз еркімен болған іс емес, сыртқы күштің сұрапылынан болған созылмалы сұмдық. Бұл - бір жүректің жарасы. Ақын

өлеңіндегі шындықтың суреті – жүректегі жазылмайтын жараның суреті. Бірақ осы бір жүректің жарасы бар жүректі ауыртады.

Бостандық та, тәуелсіздік те ұлттық мәні бар асыл қазына. Ұлт бостандығы, ұлттық мемлекет тәуелсіздігі – әр адамның, әр жеке тұлғаның бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі. Ұлт бостандығы, ұлттық мемлекет тәуелсіздігі өз қалпында, өз болмысында – құт. Бостандықтың жоқтығы – құлдық, тәуелсіздіктің болмауы – бодандық. Мемлекеттің әр азаматының әлеуметтік теңдігі, елдегі әр жеке тұлғаның басында бостандық, ісінде еркіндік болмаған жағдайда оны бостан, тәуелсіз деп айту артық.

Мемлекет меншігіндегі бар қазына-байлық жекелеген адамдардың меншігіне көшкен жағдайда мемлекет азаматтары арасында әлеуметтік әділеттілік, теңдік толық сақталады деп айту орынды болмауы ғажап емес. Оған Бостандықтың да, Тәуелсіздіктің де қатысы жоқ. Ақынның поэтикалық ойлау әлемінен түрлі ойдың жарығы түседі. Ол жарық нұрлы, түрлі түсті.

Бостандық, Тәуелсіздік әлеуметтік әділеттілікке жеткізеді. Бостандық, Тәуелсіздік жоқ жерде әлеуметтік әділеттілік болмайды. Әлеуметтік әділеттілік орнамаған, сақталмаған, қорғалмаған жағдайда тәуелсіздіктің жарығы жалпыға бірдей түседі деу бекер. Ұлықбек Есдәулет елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, әлеуметтік бостандық пен әділеттілікті ақындық ойлаудың биігінде шырқап, азаматтық танымның тереңінде толғайды.



Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Парасат» орденімен марапатталған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Махамбет атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Шешенстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, түбі бір түркі халықтарының «Түркі әлеміне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар одағының Сергей Есенин алтын медалінің иегері, шешеннің батыры, қазақтың ақыны **Рафаэль Ниязбек** – ақындығы мен батырлығын дүйім түркі әлемі мойындаған дара тұлға, өмірде көргені көп, көре-көре көсем болған құрметті азамат.

Ақын:

Уа, халқым!
Тулап, бұлқынған
Өр мінез өжет ақынмын!
Туыс жоқ менде бір туған,
Өзіңе ғана жақынмын! –

деп толғайды. Өр мінез екені де, өжет екені де шын. Тұла бойында тулап, бұлқынған қайрат бары да рас. Халқына жақын екендігі де анық. Сонымен қатар өлең жолдарында көрініс тапқан осы шын, рас, анық деген

құбылыстардың өзегінде ақынның өзіне белгілі, өзгелерге беймәлім бір терең ағысты сыр бар. Ол сырдың мәні ақынның лирикалық кейіпкерінің шығармашылық ойлау кеңістігінде ашылады. Абай, жалғыздық көрер жері жоқ бола тұра, өзін жалғыз сезінді. Абай сезінген жалғыздықты әлемнің ұлы ақындарының бәрі де бастан өткерген. Мұқағали өмірде ақындардың бәрі жалғыз екендігін айтты.

Ақынның сөзінің сазын саралау барысында: «Тура биде туған жоқ», - деген халық даналығы еске түседі. Туғанға тартпай, тураны жақтау тура биге тән қасиет болса, нағыз ақынның қасиеті де осындай. Нағыз ақын халықты қолдайды, халық мүддесін, халықтың ұлттық құндылықтарын қорғайды. Бұл деңгейдегі ақындардың сырласы, мұңдасы халық болды, олар өздерінің халықпен бірге екендігін сезінуден қуат тапты. Рафаэль Ниязбектің ақындық қуатының қайнар көзі – халық, халықпен жақындық.

Р.Ниязбек еліне, елінің өсер өркеніне ұсынып отырған шығармашылық қазына - бір қаламгерге емес, бір ғасырға да емес, ғасырларға жүк болғандай рухани асыл байлық. Ақын шығармаларының қадірі мен қасиеті шынайылығында, өмірдің шындығын суреттеудегі поэтикалық қуатты шындықтың халық тағдырындағы қалпынан таба білуінде. "Жердің көз жасы" толғауында ақын Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі қайтақұрулардың қиыншылықтарын бейнелі бедерлей келіп, мынадай ой түйеді:

Алтын сатып,
Мыс сатып,
Мұнай сатып,
Бүркіт сатып,
Құс сатып,
Құмай сатып,
Күн көрген ел оңа ма
Ұрпақтары
Қарыз болған жат жұртқа тумай жатып.

Поэтикалық тілдің көркемдік-бейнелеу құралдары, бейнелі сөздер, фигура, троп үлгілері жоқ. Өлең шумағы тура мағынадағы нақты да затты тілдік бірліктерден тұрады. Әр сөз, әр сөз тіркесі өмірдің шындық оқиғаларын нақты, боямасыз, шын қалпында көрсетеді. Халық ұғымында кісінің қарызға батуы ерікті басқа өз еркімен нөқта салдырумен бірдей. Тіршіліктің түрлі бұраландарында қарыздану ерте замандарда да болған. Бірақ ешкім, ешбір ер, ешбір отағасы, ешбір ел өзінің мойнындағы қарызды баласының, немересінің мойнына салып кетпеген, оған елдің естияр азаматтары да жол бермеген. Ақынның айтып отырғаны мұндай қарыз емес, басқа, сордай тартатын, сұры жаман, сұрапыл қарыз. Мұндай қарызға бату сорға батумен шектеседі. Сондықтан да ақын ұрпақтарының тумай жатып жат жұртқа қарыз болуын төбе шашы тік тұрғандай, құйқасы шымырлағандай күйде қабылдайды. Ес жиып, етек жапқан азаматтардың өз қарызын өзі өтей алмайтын күйін көріп,

олардың өз қарызын өзі өтей алмай, ұрпақтарының мойнына салып кету қаупін сезгенде, шарасыздан шарқ ұрып, көңіл толқындарымен шың-жартасты соққандай күркіреп барып басылады.

Ақын өмірдің шындық құбылыстары туралы сыр толғай отырып, өз жайын, өз шындығын да жасырмайды:

Жалғыз тамшы көз жаспын,
Тұрып қалған
Дүниенің ілініп кірпігінде, -

деген жолдарда адамзат баласына ортақ шындық көрініс тапқан. Ақынның өмір жолын, ақынның елі мен жерінің көргендері мен басынан өткергендерін көздің алдынан өткізгенде, өлең жолдарындағы осы сурет ақынның өз өмірінің, елі мен жерінің шындығы, өзінің, елі мен жерінің көңіл күйі ретінде қабылданады.

Ақын:

Қара дауыл сіліксе, қауіптенем
Жерге тамып бір күні кетем бе деп, -

сияқты ой айтса да, автордың өз басындағы, елі мен жерінің басындағы шындықтың шырылы естілгендей сезіледі, өлең жолдарындағы әр сөздің өзегінде телегей-теңіз тарих бардай көрінеді. Өлеңді бірбүтін алып қарағанда, жалғыз тамшы көз жасының суреті, образы елестейді. Оның шынайы мазмұнын табу, тура мағынасын тану қиын. Алайда бір нәрсе анық: дүниенің кірпігінде ілініп тұрған жас өмірдің өзі іспетті. Оның жерге тамып кетуі ақын ғана емес, қалған қалың жұрт үшін де ақырғы сәттей қауіпті.

Ақын жасаған көк бөрі бейнесінде тұңғыш сыр, үлкен мән бар. Оның тереңіне бойлау оңай емес. Көк бөрі – ақынның көркемдік қиялынан туған сурет. Боданда өткен заманның аңшылары көздеп атқанда, қара саннан жараланған көк бөрі. Ақын көк бөрінің осы қалпын оның өз сөзімен жеткізеді:

Қара санға оқ тиіп,
Қан сауылдап,
Жортып келе жатырмын қар үстінде.

Ақын жасаған көк бөрінің образы оқырманның ойында мәтіннен тыс жатқан жұмбақ мағына, жасырын мән желілерімен тоғысып, кемел көркемдік құбылысқа айналады. Осы кемел көркемдік құбылыстың мазмұнын әркім өз шама-шарқына, өз танымының байлығына, деңгейіне қарай түсінеді. Бұл жерде де айдай анық бір нәрсе бар: қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрі бейнесі.

Қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрі - ақындық санадағы бейне. Бұл сурет қазақ халқының ақындық

санасынан, азаматтық ойынан еш уақытта өшпейді. Өйткені қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрінің тән жарасы мен жан жарасының азабы және атылған атом жарылыстары мен шашылған у қалдықтарынан қабырғасына түскен қырық жараның, омыртқасына түскен отыз жараның зардабынан күні бүгінге дейін күйзеліп жатқан қазақ жерінің шемен болып қатқан шері өзара шектес, тектес. Осы тұрғыдан келгенде, Рафаэль Ниязбектің қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрісі – астарлы мағынасы бар, оған қоса жасырынулы мағынасы бай метафоралық бейне.

Өмірдің көкіректі күйдірген, өзекті жандырған шындығын астарлы мағынада, перделі мәнде бейнелеу – ақынның поэтикалық ойлауы мен көркемдік жинақтауының кемел деңгейін көрсететін мәнерлі машық, сара стиль үлгісі. Қара санына оқ тиіп, қаны сауылдап, қар үстінде жортып келе жатқан көк бөрі – тәуелсіздік жылдар жырындағы жаңа поэтикалық образ, мағыналық қыры көп ерекше және елеулі жетістік.

2019 жылы ақынның жаңа кітабы жарық көрді: Ниязбек Р. Арғымақтар даласы. Өлеңдер мен поэмалар / Рафаэль Ниязбек. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2019. - 384 б. Кітап «Бүкіл әлем өмір сүрсе саналы» өлеңінен басталады.

Армысың, ару дүние,
Болашақтың тізгініне кім ие?
Қорғап, жебеп жүретін
Еліме керек бір кие.

Көп тілінген сауыры,
Қай қазақтың бүтін дейсің бауыры.
Арқасына ер батқан
Арғымақтың жазыла ма жауыры... (5-бет).

Өлең дүние келбеті, арғымақтар даласы туралы. Дүние келбетінен, арғымақтар даласынан ақынның жаһан желінің өтіндегі өзінің көркемдік әлемі көрінеді, ел мен жердің болашағы туралы толғанғанысты ойларының таудай толқындарының үні естіледі. Ақынның көркемдік әлемінің басты тұлғасының арқасына ер батқан, жауыр, сауыры тілінген, бауыры да бүтін емес. Егерде ақынның өлеңмен өрнектеген осы суретін болмыстағы ақиқат, нақты шындықтың көрінісі түрінде қабылдап, оны болмыстағы қалыбын қайта салмақ болсақ, онда бекер әуре болар едік. Өйткені ақын өлеңінде өрнектелген суреттің қалыбы біздің көз алдымыздағы болмыста жоқ. Ақын өлеңінде өрнектелген сурет ақынның шығармашылық ойлау әлемінде жасалған құбылыстың суреті. Әйтсе де ақынның шығармашылық ойлау әлемінде жасалған суретте болмыстағы шындықтың елесі немесе сәулесі көрініс табатынын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл елес пен сәуленің көрінісінен туатын мағына бейнелі, астарлы, тұспалды. Мағынаның бейнелі, астарлы,

тұспалды болуы оның қырының көптігін білдіреді. Бір қырынан көрінген мағына басқа да қырларынан көрінеді, әр қырынан басқаша сыр танытады. Мағына байлығы мазмұн байлығына негіз болады. Сол байлықтың өзегінен ақынның елі мен жеріне, Отанына деген құрметі мен сүйіспеншілігі нұр төгеді. Онда жанашырлық, аяушылық сезімі алдынан күткен жарқын үмітінің жарығымен жанданып тұрады.

Өлең мына үлгіде түйінделеді:

Адалдықтың тұрса есіп самалы,
Бейбіт күннің бұзыла ма қамалы.
Ару дүние, саған де ешбір қатер төнбейді,
Бүкіл әлем қарусыз, өмір сүрсе саналы (6-бет).

Адалдық, әділеттілік - жаратылысына сай ұдайы жаңарып, тазарып, арылып айналатын жер-анаға тән қасиет. Жер-ана күн әлемін ұдайы жаңарып, тазарып, арылып айналғанда, жер басып жүргендердің табиғаты да жаңарып, тазарып, арылар деген үмітте болатын көрінеді. Атам заманынан осылай екен. Өкінішке қарай, адамзат Атам заманынан бері жаңара алмай, тазара алмай, арыла алмай келе жатқанға ұқсайды. Оның себебі санада көрінеді. Ақынның: «Бүкіл әлем... өмір сүрсе саналы», - деп арман қылуының сыры осы арнада ашылғандай болады. Бүкіл әлемде адалдықтың самалы есіп тұрса, бүкіл әлем күш көрсетпей, қару қолданбай, ақылға жүгініп, ақылдың айтуымен саналы өмір сүрсе...

Жер бетін арамдық, зорлық-зомбылық басқанда, ақындық қуат осындай асыл арманға бой ұрады. Мұндай арман-мұратқа қол созатын, соған ұмтылатын, соған жетуден үміттенетін абзал жандар аз емес. Осындай асыл арман-мұраттың болуы, ел-жұртты осындай арман-мұрат сазымен әлдилейтін ақынның болуы – біздің заманымыздың басты құндылығы. Адамзаттың осындай арман-мұраты болмаса, сол арман-мұратына жетемін деген үміті болмаса, ел-жұртты осындай арман-мұраттың, осындай үміттің сазымен әлдилейтін ақыны болмаса, мына дүниеде қандай қадір қалар еді.

«Тәуелсіз қазақ елі» толғауын ақын мынадай шумақпен жинақтайды:

Ғасырлардың шөкпеген салмағынан,
Қазақ неге көз жазсын арманынан.
Қатер бар ма төнетін
Асқар таулар
Түгел қоршап тұрғанда жан-жағынан (7-бет).

Алдыңғы өлеңмен үндес. Арман – асқақ, алда. Қауіп-қатерден сақтаушы асқар таулар. Образ, образдылық жүйесінде мін жоқ. Өлең шумағындағы осы образ бен образдылықтың астарынан бой көтеретін мағынаның өрісі кеңбайтақ. Тәуелсіз елдің стратегиялық ресурстары, адами капиталы, зияткерлік әлеуеті т.б. – осылардың әрқайсысы әр бағыттан қорғап-қоршап

тұрған асқар тау сияқты.

Енді бір өлеңін ақын былай бастайды:

Сағым қуып, адасып құмда қалып,
Жанарымда көрмеді мұң қамалып.
Болашаққа жол тартқан біздің елде,
Болашақтың іргесі тұр қаланып (7-бет).

Ақынның лирикалық қаһарманы сағым қуып, құмда қалмаған, жанарында мұң да қамалмаған, болашаққа жол тартқан елінде болашақтың іргесі қаланған. Өлең шумағының қарапайым мазмұны осындай. Қарапайым дегенмен, онда үлкен мән бар. Тәуелсіз Қазақстанның болашағына деген берік сенім бар. Елдің болашағына деген сенім – қасиетті сенім. Ақынның шығармашылық санасы осындай қасиетті сеніммен нұрланып, жарық шашады.

Рафаэль Ниязбек өзінің өзегін жандырған шындықты айтып, өзгелердің өмірін өзгерткен, ойын ойсыратып, санасын сансыратқан жалпыадамзаттық мәні бар тақырыпты көтереді, елдік пен ерлікті мадақтайды, ынтымақ пен бірлікті ардақтайды, тәуелсіздік толғауын толғайды. Бір тамшы жастан бүкіл бір ғұмырдың суретін көрсетеді. Болмыстың ағып өткен сәтінің өтпелі елесінен өнегелі өнер үлгісін жасайды. Мұның бәрі - дара таланттың қызыл қанын қыздырып, қара терін ағызып атқарған ерен еңбегінің нәтижесі.

Қазақ поэзиясының Тәуелсіздік кезеңіндегі сырлы әлемінде Рафаэль Ниязбектің шығармашылығы ішкі мәні мен сыртқы сәні жағынан әдемі өрілген, заманның көкейін кескен, өзегін тескен өзекті тақырыбымен, іргелі идеясымен ерекшеленеді. Р.Ниязбек – көкірек-көзінде шамшырақтай жарқыраған асыл мақсат-мұраты, биік эстетикалық нысанасы бар, көңілінің ой жайлауы көкорай шалған бәйшешек болып жайнап, шығармашылығымен айналасына жарық шашып, сәуле төгіп келген сәулетті суреткер.



Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының тұтас бір жүйесі сара сарынымен ерекшеленеді. Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз Қазақстанның тұлпар тұрпатты, сұңқар сипатты айбынды әрі арынды ақыны **Темірхан Медетбек** тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясына осындай жаңа һәм сара сарын қосты. Ол – Көк түріктер сарыны. Ақынның «Тағдырлы жылдар жырлары», «Тынышыңды алам, дүние», «Көк түріктер сарыны» атты кітаптарында осы сарын сан түрлі сазбен толысып, симфониялық алып арнаға айналды. Ақынның таңдамалы шығармаларының үш томдығы (2011), шығармаларының жеті томдығы (2020) осы алып арнаның ағысы мен тынысын толық ашады.

Ақын тәуелсіздік туралы ойларын тарихи таным тұрғысынан толғайды. Тәуелсіздікке дейінгі күйін «Кім екенімді енді білдім» өлеңінде өзекті өрілген үш шумақ оймен суреттейді.

Құшағым
Тауды құшақтайтындай
Кең еді.
Көңілім
Шалқып жатқан көл еді.
Өлдім.

Әуелгі бес жолда өмірде өшпейтін, өлмейтін құбылыстарға тән айрықша асыл қасиеттер бейнеленді. Ол қасиеттердің асыл арнасынан, алтынды арқауынан таудай асқақтап, көлдей шалқыған, теңіздей тебіренген қазақтың ұлттық болмысының мәні мен нәрі танылатындай. Мұндай қасиеті бар жан өлуге, өшуге тиіс емес. Бірақ тағының қасынуынан болды ма, мергеннің басуынан болды ма – әлдебір сұрапыл сұмдық көтеріліп, өлмес жанды өлімші етті. Тауды құшақтайтындай кеңдік тарылды, көлдей шалқыған өмір шөлдей болды. Өлді деуге болмайтын, өлді деуге қимайтын асыл қасиет өлді.

Өлең ары қарай былай жалғасады:

Сөзім
Жартасты жарып жіберетін.
Көзім, тік қарасам,
Кімді болсын
Жағып жіберетін.
Сөндім.

Шумақтың мағыналық-құрылымдық жүйесі алдыңғы шумақтағыдай. Сөнді деуге болмайтын, сөнді деуге қимайтын асыл қасиет сөнер болды, сөнді.

Бірі өлмейтін, бірі сөнбейтін екі қасиетінен бірдей айырылып қалған тұлға: «Қазір кімін?» - деп өзіне өзі сұрақ қояды да, ол сұрағына өзі жауап береді:

Кім екенімді білдім!
Үмітімді күте
Мойным
Қайырылып қалды.
Қазанға түсетін бастай
Жағым
Айырылып қалды.

Нақты, қысқа айтылған әр тармақта, әр сөзде атан түйеге жүк болардай ауыр, соқталы ойлар жатыр. Боданда, тәуелділікте болған ердің көңіліндегі күйден халықтың басындағы шындықтың күйзелген үні естіледі.

Мұны жазып отырған - ақын. Мұны айтып отырған, бұлайша толғанып отырған – ақындық тұлға, ақынның ақындық ойлауынан туған тұлға. Оның шыны мен сырынан, қайғысы мен мұңынан қазақтың өзінің шыны мен сыры, қазақтың өзінің қайғысы мен мұңы шалқиды.

Ақынның «Көк түріктер сарынында» «Кеше мен бүгін» атты шағын өлең бар. Кеше болған жайды ақын мына үлгіде суреттейді:

Менің кеше
Аяғыма
Қара тас байлап қойды.
Алшаңдап
Жүре алмадым.
Төбеге шығып
Туымды тіге алмадым.

Менің кеше
Аузымды
Буып қойды.
Айтарымды айтқызбай
Таспамен тігіп қойды.

Менің кеше
Көзімді таңып қойды.
Көрсен,
Көзіңді жоямын деп,
Қасыма табыт қойды.

Менің кеше
Қолдарым бұғаулы болды.
Бұлқынсам,
Сұраулы болды.

Соның бәрін көрдім.
Соның бәріне көндім.

Ақынның шығармашылық ойлау кеңістігінде жинақталып, көркем суретке айналған шындық оқиғаның негізі тарихта, тарихи санада. Заманның шынын, адамның сырын тарихтың тереңіне бойлап танымаған оқушы ақын өлеңіндегі суретті нақты қабылдауы ғажап емес. Суретте көрініс тапқан оқиғаның, істің жайын, мәні мен мәнісін ұғуға оның танымы таршылық етуі де мүмкін.

Темірхан Медетбек өлеңіндегі ақындық тұлғаның көргенін көрмегендер бар. Олардың ақындық тұлғаның жайын түсіне бермеуі мүмкін. Темірхан Медетбектің көркемдік әлеміндегі ақындық тұлғаның неге көнгенін білмейтіндер де бар. Олар да ақындық тұлғаның неге және неліктен көнгенін сезіне алмауы ғажап емес. Бірақ ақындық тұлғаның сөзінде тарихтың ақиқат шындығы айнадағыдай анық көрінеді. Айнадағы көріністің астында көрген көз көр болардай, сезген жан жер болардай ұбақ-шұбақ шұбатылып жатқан сұмдықтардың елесі, тарихтың сұрапыл шындығының елесі бар. Бүгінгі ұрпақ оны көзімен көрмесе де, көңілімен таниды. Оны білмеуге, оны сезбеуге болмайды.

Кешегі күнінің қандай болғанын шынайы қалпында бейнелеп отырған ақын бүгін де шыншылдықпен көрсетеді:

Бүгін
Тас алынды.
Бұғау шабылды.
Таспа кесілді.
Ауыз шешілді.

Бірақ
Аяғымыз
Бағымызға қарай емес,
Сорымызға қарай
Бастайтыны несі?

Аузымыз
Жақсылықты айтпай
Бәле-жаланы айтып
Қақсайтыны несі?

Көзіміз
Өзгені емес,
Өзімізді аңдып,
Бағып тұрғаны қалай?

Қолымыз
Құшақтаудың орнына
Өзімізді жағадан
Алып тұрғаны қалай?

Кешегінің мәнісін дұрыс түсініп, дұрыс бағалаған сана үшін бүгінгінің сұрақтарына жауап табу қиынға соқпас деу артық. Өйткені бүгінгіні де біреу білсе, біреу білмейтіні рас. Бүгінде құлақпен естігенін, көзбен көргенін сараптап білмейтін, білгісі келмейтін, жарымжан ойдың жоруымен жортақтап

кете беруге бейім құлық пайда болды. Бұл қауіпті. Өйткені бұл құлық қана емес, бұл – құлдық құлық. Темірхан Медетбектің «Кеше мен бүгіні» оқырмандарын осындай құлықтан сақтандырады, армандай да алмайтын, үміттен де алмайтын салақ ойдың ұйқы басып, жұмылып бара жатқан көзін ашқысы келеді.

Темірхан Медетбек «Қиын шақ» өлеңінде Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы қиын шақтың шындығын ақындық әлеміндегі ақындық тұлғаның көңіл-күйі арқылы ашады.

Дүниені
Түстеп-танып
Ұға алмай жатырмыз.
Кеңес Одағының
Ми батпағына
Кеңірдектен батқан екенбіз –
Ұмтылып
Шыға алмай жатырмыз, -

деп, тарихи кезеңнің қиындығы мен ол кезеңді бастан өткеріп отырған тұлғаның басындағы ауыртпалықты қатар сипаттайды. Оның қиын шақтағы жан қиналысын, ашынған күйін жан аффектілерінің бұлқынысымен жеткізеді:

Лағынет атқырлар-ай!
Әбілет қаққырлар-ай!

Ісімді
Тындыра алмай жатырмын.
Тілімді сындыра алмай жатырмын.

Бірде сөгіліп,
Бірде өріліп тұрмын.

Осы бір кезеңнен
Өтіп кетемін деп
Атымды қамшылап
Тебініп тұрмын.

Өткен дәуірден қалған, қараң қалған дүниенің кір-қоқыстарынан тазару қандай қиын болса, жаңа дүниенің жаңа керегесін жайып, жаңа шаңырағын көтеру де оңай емес. Кезеңнің шындығы, сол кезеңдегі адамының сыры, үміті мен күдігі ақын толғауында терең көрініс тапқан.

Т. Медетбек бейнесін жасаған тәуелсіздік кезеңінің тұлғасы – белсенді ойдың, белсенді әрекеттің тұлғасы. Оның алдынан күткені, мақсат-мұраты бар. Сол мақсат-мұратына жетуге кедергі болған күшке қарсы қайрат көрсетуі де

көрнекі. «Бірде сөгіліп, бірде егіліп» тұрса да, осы бір қиын шақты артқа тастап, алға басатынына, көздеген мақсат-мұратына жақындай түсетініне сенімді: ізденіп, алға ұмтылып, «атын қамшылап, тебініп тұр».

Ақын поэзиясындағы ақындық тұлға бар халықты өзім деп жақын көреді. Өзгені емес, өзін аңдып, бағып тұрған көзді де өзіндей көреді. Өзін халықпен бір санаған, өзін өзгелермен бір тұтқан, өзі мен өзгелердің тәуелсіздігін пір тұтқан, өзіне де, өзгелерге де ұлттық ұстаным, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қараған тұлға өзгенің тарапынан байқалған өзімшілдік пен менмендіктен өзіне, халыққа, ұлттық құндылыққа, мемлекеттік ұстанымға дұшпандық сезгендей қапаланады. Ақын жасаған ақындық тұлғаның азаматтық биік тұрғысы – тәуелсіздік поэзиясының басты құндылығы.



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары социализмнен қалған өндіріс орындары, заводтар мен фабрикалар жұмысын тоқтатты. Оларға ие болып, меншігіне алған жеке тұлғалар станоктарды бөлшектеп, өлі темір ретінде сатты. Жұмыс орны, жұмысы жоқ қалың жұрт базарға ағылды. Базарға шығуға жарамаған жалғыз басты қарттар қайыршылық қылуға мәжбүр болды. Қазақтың қазіргі замандағы көрнекті ақыны **Ғалым Жайлыбай** «Таңдамалы. Том I. Өлеңдер» (Астана: Фолиант, 2014) кітабында «Қап арқалап бара жатыр қыз бала» деген өлең бар. Онда базарға қап арқалап бара жатқан қыз баланың

қалпы сипатталады.

Бақ тілегін сарқып алған,
тойын да,
Ақ білегін артып алған мойынға.
Қап арқалап бара жатыр қыз бала
Алматының «Арбатының» бойында.

Көшесі бұл қайыршының,
мастың да,
Нөпір адам...
Ұқсайды екен тасқынға.
Қайысады, майысады нәзіктік
Ала тайдай ала қаптың астында.

Нарық жасқа да, қартқа да, қызға да, ұлға да қарамайды. Оның талабы – сату, алу. Нарықтың алаңы шетсіз, шексіз созылып жатты. Азаматтардың өз мамандығы бойынша кәсіп қылып, жұмыс істеуіне нарық тарапынан қажетті жағдай жасалмады, оны жасау қажет болмады. Әр нәрсені де, бар нәрсені де нарықтың өзі реттейтіні туралы түсінік билік жүргізді. Қарттың қамын

қарттың өзі, жастың қамын жастың өзі ойлап, өз жанын өзі сақтамасқа, өз күнін өзі көрмеске амал қалмады. Уақыттың осы шындығын автор ақындық өнердің келіскен көркемдік бейнелеу құралдарымен өрнектеді.

«Бақ тілегін сарқып алып», «тойын да» қойып, «ала тайдай қаптың астында қайысып, майысып бара жатқан қыз бала» - портрет. Қарапайым қара халықтың болашағының портреті. Тәуелсіз, жас мемлекеттің қарапайым халқының қалың ортасынан шыққан жастардың қабырғасын қайыстырған, белін майыстырған ауыртпалықты аударып тастауға қазына-байлығы жеке меншікке көшкен мемлекеттік жүйенің шамасы келмеді. Ақын осындай драмалық бұлқынысқа бай ахуалды дәл танып, көркем жинақтады.

Қап арқалап базарға бара жатқан қыздың келбетін ақын келесі шумақта толықтыра түседі:

Көңілдерге көктем сыйлар күй керек,
Кімге айтарсың:
-Көріктіге тиме, - деп?
...Көк базарға бара жатыр көркем қыз
Көне күрте,
ескі етігін сүйрелеп.

Ақын өлеңінде суреттелген бейне тәуелсіздіктің бейнесі деп түсінуге болмайды. Ақын өлеңінде суреттелген бейне халықтың да бейнесі емес. Ақын өлеңінде суреттелген бейне – Тәуелсіз Қазақстан халқының бір қызының келбеті. Қазақтың көрікті қызына қап арқалатқан күштің нақты иесі белгісіз, бірақ оның аты белгілі: жоқшылық. Жоқшылық өзінен-өзі келмейді, жоқшылық жағдай қалыптасады, жоқшылық жағдайды қалыптастырады. Аяғының астынан қара алтын ағып, саф алтын көшіп жатқан елдің жоқшылық құрсауында қап арқалауы құдайдың ісі емес. Ақын адамның ісін тура емес, жанама сипаттау арқылы жеткізеді.

Базарға қап арқалап барған тек осы қыз ғана емес. Халықтың, жоқ дегенде, тең жартысы қап арқалаған, қап арқалау қазақтардың басты кәсібі балған кез әлі де көз алдымызда. Осы реттен қарағанда, ақын өлеңіндегі қап арқалап бара жатқын қыздың бейнесі – типтік бейне, бірдің емес, көптің келбетін, көптің кәсібін елестетін бейне.

Өлеңнің келесі шумағында ақынның өзі суреттеп отырған шындық құбылысқа деген қатысы, ақындық көзқарасы, бағасы да көрініс табады:

Қалтырап гүл...
Қалады ма қырмызы,
Жарқырап бір жанады ма жұлдызы?
Қап арқалап бара жатыр көшеде
Арыс туар қазағымның бір қызы.

Ажары да ашық екен ақ таңдай,

Базарына жетсе деймін қақталмай.
Аузын бұған қытай қаптың ішінде
Тағдырының бар салмағы жатқандай.

Ақын өлеңіндегі образ, қап арқалаған қыздың бейнесі – ақындық жинақтаудың нәтижесі. Тәуелсіз елінде тағдырының бар ауыртпалығын қытай қаптың ішіне салып арқалаған қыздың бейнесі ақынның ғана емес, ақын өлеңін оқушы қалың көпшіліктің де жанына батады, қабырғасын қайыстырады. Ақын Қазақстанның тәуелсіз кезеңінің белгілі бір кезінің жастың қабырғасын қайыстырған, қарттың жанына батқан шындығын үлкен тебіреніспен, келіскен көркемдік шеберлікпен жырлады.

Ақын көшедегі көріністі эпикалық суреттеу амалына тән құралдармен бейнелейді. Сөйте тұра осы көріністің мәнісін эмоциялық бояумен әрлеп, оған лирикалық, шамалап трагедиялық рең беріп ұсынады. Мұндай көркемдік шешім ақынның шығармашылық ойлау қуатының күштілігінен туады.



Қазақтың қазіргі таңдағы көрнекті ақыны, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының, М.Мақатаев атындағы, Ж.Нәжімеденов атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты **Бауыржан Жақып** «Менің далам» (Алматы: Атамұра, 2014) кітабындағы «1991» атты өлеңінде елінің тәуелсіз мемлекет құрған жылын тебіреніп жырлады:

Мың тоғыз жүз тоқсан бір –
Бабама болған арман жыл.
Басыма бақыт қонған жыл,
Қазақтың көкте жұлдызы
Жарқырап тұрып жанған жыл.

Тәуелділіктің, бодандықтың, бөгдеге кіріптарлықтың ел мен жердің қабырғасын қайыстырған, оққа байлаған, отқа салған, аштық пен жоқтыққа қамаған қияметінен аман шығып, тәуелсіздік таңының шапағынан шапағат көрген ақындық танымның шаттығы көлдей шалқиды. Оның жарығы ақынның «Айдындағы аспан» (Алматы: Атамұра, 1996), «Уақыт ұршығы. Өлеңдер, балладалар, поэмалар» (Алматы: Жазушы, 2004) кітаптарында да, олардан беріде жарық көрген «Абайдың Қасқабұлағы» (Алматы: Жазушы, 2012), «Шығармалары. Еліккөрген: өлеңдер, балладалар, поэмалар» (Астана: Фолиант, 2013), «Менің далам. Өлеңдер, балладалар, поэмалар» (Алматы: Атамұра, 2014) жинақтарында да жарық шашып тұрады.

Ақынның «Жаңа заман әдебиеті. Поэзия» сериясы бойынша жарық көрген «Абайдың Қасқабұлағы» (Алматы: Жазушы, 2012) өлеңдер кітабына тәуелсіздік жылдары жазған шығармаларының таңдамалылары енген. Ақын өлеңдеріннің тууына негіз болған, ақынның көңілін тербетіп, көңілін

толқытқан шындық құбылыстар алуан түрлі. Өмірдің алуан түрлі шындық құбылыстарын қабылдаудан туған өлеңдердің өзегі тәуелсіздік туралы ойдың нұрымен шырайланады.

Өткен замандардың қилы кезеңдерінде қазақтың даласының да, баласының да басынан өткен қияметтер аз болмаған. Ақынның поэтикалық ойлауының тарихи кеңістігінде тәуелсіздік нұры сол қилы кезеңдердің қияметтерін де шарпып өтеді.

Қасқабұлақ – қазақтың ұлы ақыны Абайдың және Бауыржан Жақыптың өзінің жарық дүниеге келген жері. Автордың өлең кітабын «Абайдың Қасқабұлағы» деп атауында үлкен мән бар. Абай өмірден көргендері мен сезгендерінен, білгендерінен алған әсері негізінде түйген ойларының жүйесінде: «Мен ішпеген у бар ма?», «Ішім - өлген, сыртым – сау», - дейді. Елінің, өзінің басындағы күйді, адам мен заман жайын ұлы ақын осындай сарында аңғартады. Бауыржан Жақып «Абайдың Қасқабұлағы» кітабында, «Абайдың Қасқабұлағы» өлеңінде ұлы Абайдың басындағы, Абайдың «қалың елі қазағының» басындағы қилы замандардың сызынан қалған күйдің сарынын тәуелсіздік таңының арайымен ажарлайды.

Абайдың Қасқабұлағы,
Қырық өрім таспа бұлағы,
Аспанның аспа бұлағы,
Отыз жыл ойран салса да,
Қырық жыл қырғын болса да,
Мөлдіреп жатыр суы әлі,
Абайдың Қасқабұлағы!!!

Отыз жыл ойран салса да, қырық жыл қырғын болса да суы мөлдіреп жатқан Абайдың Қасқабұлағы - ақындық алып қуаттан туған тамаша сурет. Оның мәні терең, мағынасы бай. Отыз жыл ойран салса да, қырық жыл қырғын болса да суы мөлдіреп жатқан Абайдың Қасқабұлағы – Абайдың өзінің, Абайдың қалың елінің рухы. Абайдың Қасқабұлағының осы суретінде Абайдың, Абайдың елі мен жерінің, қазақ даласы мен қазақ баласының тарихи шындығы бейнеленген. Ғайыптан бір Ғайып-Ерен келіп көз салса, ол Абайдың суы мөлдіреген Қасқабұлағының омыртқасынан отыз жыл ойраннан қалған отыз жараны, қабырғасынан қырық жыл қырғыннан қалған қырық жараны көрер еді, Абайдың жүрегіндегі қырық жамаудың да сырын сезер еді. Ғайып-Ереннің көрері мен сезерін ақын Бауыржан Жақып «Абайдың Қасқабұлағында» тамаша көркемдікпен, терең поэтикалық тебіреніспен суреттеді.

«Желбіреп тұрған көк туым – биік тұғрым: Өлеңдер, поэмалар» (Алматы: SUNSHINE plus1, 2019. – 240 бет) кітабында Бауыржан Жақып Тәуелсіз Қазақстанның Көк Туын көкте желбіретіп, атамекен, туған жер, өскен орта, Отан мерейі туралы отты ойларын, сазды сырларын тарихи сана мен

бүгінгі Тәуелсіздік толқындарының тоғысып тулаған ағыстары арнасында толғайды. Кітап «Қазақстаным» өлеңімен басталады:

Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным!
Ақ қанат таңның көрдім мен
 ғажап ұшқанын.
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір
 айдындыңды,
Алатау, Алтай, Қаратау –
 айбындарыңды.
Ұлытауыңды көрдім мен,
Шыңғыстауыңды,
Абайдың жыры оқылған
 мың қыстауыңды.
Гүлденді қазір кең далам
 иесі болмаған,
Жамбылдың қызыл жолбарыс
 киесі қолдаған.
Махамбет сөзі лаулаған
Қараойды көрдім,
Мағжан боп өзі қаулаған
 дара ойды көрдім...

Ақын жырындағы ел мен жер жайының екі түрлі жай-күйі бар. Бірі – Тәуелсіздікке дейінгі жай-күй. Екіншісі - Тәуелсіздік кезіндегі күй. «Махамбет сөзі лаулаған / Қараойды көрдім», - деген екі жолдың әрқайсысында сұрапыл тарих бар. Махамбеттің лаулаған әр сөзінде Тәуелсіздік үшін күресте қиылған жанның қаны мен тері қалған. «Қараой» тарихының салмағы да зіл-батпан. Тәуелсіздік таңының ақ қанат ажарында осындай да күйдің лебі бар. Екі күй ақынның поэтикалық әлемінің биігінде үркер мен айдай тоғысады. Үркер мен айдай тоғысқан күйлердің сазынан драмалық ахуал сезіледі. Онда өткеннен қалған сыз бен бүгінгі күннен төгілген нұр біртұтас құбылысқа айналған. Нұр мен сыздың тоғысуында шаттық күйі шалқиды. Тәуелсіздіктің шаттық күйінің сазын өзегін өрт шалған өткеннің шырылымен үндес өру - ақынның шығармашылық тұлғасына тән даралықтың белгісі. Ақынның шығармашылық тұлғасына тән даралық оның көркемдік ойлауына, ақындық танымына, шығармашылық өміріне, азаматтық мұратына тән ерекшеліктер негізінде танылады.

«Тұмар» атты бір өлеңінде ақын: «Мен – рухпын!» - дейді.

Мен – рухпын!
Жаралғанмын жанған Күннен, Жалыннан,
Гун де болып сапар шектім сағымнан,

Көк түріктің мәңгі тірі рухымын,
Көктегі айға Көк бөрі боп табынған.

Тәңірқұты Мөде болып құт тасып,
Баламер боп кездім жерді нық басып.
Еділ болып уысымда ұстадым
Шығыс пенен Батысыңның тұтқасын.

Бұмын, Білге, Естеми боп өрледім,
Тоныкөк пен Күлтегін боп ерледім,
Өсиетімді тасқа қашап қалдырып,
Сөзбен жудым ұрпағымның жөргегін.

Ақынның айтқан сырында бір де бір артық леп жоқ. Рас. Шын. Ақын: «Мен – рухпын!» - дей отырып, ата-бабалар рухының ұлылығын ардақтайды. Ақынның «Тұмар» өлеңі - ілкі замандарда жасап, елінің еркіндігін, ерен азаматтарының ерлігі мен көрегендігін, адалдығы мен адамдығын ардақтаған, мемлекет тәуелсіздігін қаны мен терін төгіп қорғаған, кейінгі ұрпаққа аманат еткен тарихи тұлғалардың рухына шексіз құрмет көрсетудің поэтикалық үлгісі.

Ақын өлеңін өршіл пафоспен аяқтайды:

Рухпын – мен!
Рухымын мен сақтардың,
Жүрегімді алау етіп жаққанмын.
Қыпшақ болып қылыш алып қолыма,
Қарсы келген жаудың басын шапқанмын.
Дүбірімен дүниені ояттым,
Дүсірлеген тұяғымен аттардың.
Кендік, Өрлік, Ерлік – осы үшеуін
Үшбұрышты тұмар етіп таққанмын.

Не деген қасиетті халық едік. Ақын өлеңі өзінің оқырмандарын осындай ойға қалдырады. Өлеңнің «Тұмар» деп аталуының мәнісі де осы тұста анықталады. Кендік, Өрлік, Ерлік. Осы үшбұрыш – көк түрктің, ілгеріде өткен ата-бабаларымыздың рухының тұмары. Ақын рухының, ата-бабалар рухының, халық рухының мәні осы тұмарда. Ақынның өзінің таққаны да, халқынан тапқаны да, еліне ұсынғаны да осы тұмар. Ақынның өлеңінің поэтикалық құндылығы ондағы рухтың Кендігінде, Өрлігі мен Ерлігінде.

Бауыржан Жақыптың Тәуелсіздік жылдарындағы шығармашылығының мәні туған жер мен туған елге, ата жұртқа деген құрмет пен сүйіспеншілікте, мақтанышта.

Байтақ елім – сен менің мақтанышым,

Әр сөзімнен басыңа бақ дарысын.
Қарыздармын мен саған қасиеттім,
Арайланып әр таңың атқаны үшін.

Мен - бір сенің жайқалған жапырағың,
Шабытымды жел шайқап шақырамын.
Бар байлығым – бір жұтым ауаң менен
Бір түп жусан, бір уыс топырағың, -

деп бастайды ақын «Байтағым» деген өлеңін.

Байтақ елінің әр таңының арайланып атқаны – автордың ақындық танымында баға жетпес асыл қасиет. Байтақ елінің әр таңының арайланып атқанынан баға жетпес қасиет тауып, соны ардақ тұтып, соған қанағат ету – құтты білік. Мұндай білік – болмысы асыл, жүрек айнасы тап-таза ақын үшін ғана құт. Бауыржан Жақып - Тәуелсіз Қазақстанның болмысы асыл, жүрек айнасы тап-таза ақыны.

Байтақ елінің бір жұтым ауасы мен бір түп жусанын, содан соң бір уыс топырағын бар байлығына балап, дүние жалғанға бой алдырмай, ақындық өмірдің ашық аспанында жұлдыз жандыруға талпынған, елінің өсер өркеніне айтарын аспай-таспай айтуға, айтып үлгеруге ұмтылған ақын адамзаттың досы, бауыры болуға лайықты. Бауыржан Жақып - адамзаттың досы, бауыры болуға лайықты азамат-ақын.



Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Серік Ақсұңқарұлы** «Қараорман. Өлеңдер» (Алматы: Ел-Шежіре, 2012) кітабында ана тілінің, өзінің тағдыры туралы толғанады. Тәуелсіз хал, тәуелсіз ахуал жағдайында тұрып, тәуелділіктен түскен жарасын ауырсынады, тәуелділіктен қалған қайғысынан қабырғасы қайысады. Ақынның өлеңіндегі Қараорманның қайғысы басылмастай, Қараорманның жарасы жазылмастай:

Қараорманым – Қарқаралы,
Қараорманға қарауға да қазақтың жоқ мұршасы.
Мынау – соның шыршасы.

Қараорманды қанша мәрте қар басты,
Бұтағында заманалар керуені алмасты.
Бүгін соның шыршасына тап берді –
Атом Албасты!

Қараорманым қап-қара боп түнерді,
Көрдім сонда көзге қораш бір өңді:
Сайтан сынды сап-сары екен әлгі сұм,
Шыршаны да сап-сары қып жіберді.

Қайтем мына опасы жоқ дүниенді,
Бұ дүниеде қайтып ғұмыр сүрмен-ді.
Сары шырша қап-қара боп бір сәтте,
Қараорманым көз алдымда күңіренді.

Табиғаттың басына туған күннің қайғысын, табиғаттың өзегін өртеген күйінішін, Қараорманның, Қарорманның жасыл шыршасының сарғайып, одан қарайып күл болардағы күңіренген күйін ақын өз басындағы күйдей сезінеді.

Жасыл шырша жанұшырап жапанда,
Фәниінен көшті бақи сапарға.
...Әшейінде бізден өткен қайырымды,
Һәм біздерден қатыгез жоқ жаһанда.

Ақынның Қараорманы – оның өмірінің ерекше қасиетті қазынасы. Көздің көргенін айтсақ, Қараорман – автордың Атамекені, туған жері, Отаны. Ақынның көз алдында Адамзатқа бағынбас, адамдыққа табынбас бір сұрапыл соқты. Ақын өмірінің қасиетті қазынасы оның көз алдында жат салған өрттің от-жалынына шарпылды. Соққан сұрапыл өтті, өрт сөнді. Қараорман жоқ, оның сүлдесі қалды.

Өлең өзегіндегі Қараорман әркімнің ойы мен бойындағы, елі мен жеріндегі аяулы құндылығы. Шындығында қазақ даласында ақынның Қараорманының күйін сезінбеген жан баласы жоқ. Қанаты бүтін сұңқар, тұяғы бүтін тұлпар да қалмаған. Қараорманның қайғысы – ақынның қайғысы, ақынның халқының қайғысы. Жатқа тәуелділіктен қалған дерттің зардабы ақынның санасында, ақынның Қараорманында қалды. Қараорманы қалпына келмей, ақынның қайғысы басылмайды. Қараорманы қалпына келмейді, ақынның қайғысы да басылатын емес. Ақындық санадағы сарын халықтың, қоғамның тарихи есінен орын алды. Қазақ поэзиясының Тәуелсіздік кезеңіндегі өзекті бір сарыны осындай күйде көрініс тапты.

Ақынның Қараормандай тағы бір қасиеттісі – Ана тілі.

Ана тілім,
Алашымның көзі едің,
Өртенеді өзегім...
Үндемейді бесік жырын айт десем,
Өгей шеше – өз елім?!


Бүгін – барда,

Жайлауда едім кеше мен,
Шарап ішем, қымыз ішпей кесемен.
Өзегі шер ұрпақпын мен азалы,
Өз анам жоқ...
Қалдым өгей шешемен!

Күнде – қарғыс, күнде – тергеу, сот маған
Шатқан-бұтқан, оттаған.
Өгей шешем айналдырған ақ басын,
Өз әкемді танымайтын боп барам.

Зіл табандай өтер екен қайтып жыл,
Жаңа ғасыр көшіп келмей, тайқып жүр.
...Жас баладай ұйқтап кетсем балбырап,
Түсімде анам бесік жырын айтып жүр.

«Ұзан» жыр кітабында (Алматы, 2014) Серік Ақсұңқарұлы ана тілі жайында осылай толғанады. Ана тілінің жайы тәуелді дәуірде осындай еді, ақын тәуелсіздік кезінде де сол жағдайды көреді. Өлеңдегі ана тілінде бесік жырын тыңдауға құлшынған ұл, ұлдың ана тілінде бесік жырын айтпайтын, үн қатпайтын, өзге тілде сөйлейтін өгей шеше, өгей шеше басын айналдырып қойған туған әке... - өлеңдегі ой мен сезімнің тірегі болатын ұғымдар. Бұлардың арақатынастарындағы, негізіндегі қайшылықтар, драмалық ахуал ұрпақтың өзегін өртеген трагедиялық сарынға ұласады. Өгей шешенің қолында қалған ұл туған анасын, туған анасының тілін, туған анасы айтқан бесік жырын ұмытпаған. Оның қасиет тұтар бары, байлығы - осылар. Бірақ бұл байлық ойда, санада бар, болмыста жоқ, түсте бар, өңде жоқ. Өгей шешенің қолына қараған, туған анасының тілінде бесік жырын ести алмаған ұл өзін көкірегі шерлі, азалы ұрпақ қатарына қосады. Өлеңнің мәні мазмұнында ғана емес, сол мазмұнды маңызды үлгіде өрнектеген ақындық өнерде. Өлеңнің ырғағы мен ұйқасы, көркемдік кестесі мен көрікті дестесі ақынның ойымен, сезім күйімен жарасып, тіршілік философиясы кеңістігінде айрықша мағыналы эстетикалық құндылыққа айналған.



Темірше Сарыбаев - Тәуелсіздік кезеңінде кемел деңгейге көтерілген ақын. Ақынның «Таңдамалы өлеңдер жинағы (Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2012) ақындық ойлаудағы, көркемдік жинақтаудағы, поэтикалық ой өзегін таратудағы, лирикалық кейіпкер тұлғасын даралаудағы өзіне тән көрнекті жетістіктерімен құнды. Ақынның шығармашылық ізденістерінің тақырыптық арнасы, идеялық өзегі Тәуелсіздік кезеңінің шындық оқиғалары аясында туған құбылыстарға негізделеді.

Ақын шығармашылығының көркі - ақынның лирикалық кейіпкерінің ішкі әлемі. Оның бір көрінісі мынадай:

Сар желістен зықы шыққан ерсоқты
Жолаушыдай
Айналама селсоқпын.
Қуана алмау, қайғыра алмау азабы
Сойылыңнан
Деп пе ең, сэрә, кем соққы!

Сәл нәрсені көкке ту ғып көтерген
Мендегі уыз сезімдердің еті өлген.
Соны ойласам,
шыңырауға шым батып,
Шыға алмайтын тұңғиыққа кетем мен.

Аппақ-аппақ армандардың қанатын,
Қырқып жатыр,
түтіп жатыр қара түн.
Сыбағам да сарқылғандай алатын,
Сапарым да таусылғандай баратын.

Ақын лирикалық кейіпкерінің әлеуметтік-психологиялық ахуалын сипаттаған. Ақынның лирикалық кейіпкерінің ішкі әлемін мұншалық тұнжыратып, әрі-сәрі күйге түсірген қандай күш? Ақынның лирикалық кейіпкерінің ішкі әлемінің осы күйі шындыққа сай ма? Осы секілді басқа да сұрақтар туатыны рас. Кезінде Абай да осындай күйді бастан кешіріп, күлейін десе күле алмай, жылайын десе жылай алмай, өзін бір жүрген қуыс кеуде сезінгені белгілі. Олай болғанда Темірше Сарыбаевтың лирикалық кейіпкерінің мынадай әлеуметтік-психологиялық келбетінің шынайлығына сеніммен қарауымыз дұрыс болмақ.

Не өң емес, ұқсамайды түс деуге,
Осындайда болар екен
Не істеуге?!

Жалғандықтың жалынына шарпылып,
Қиянаттың түтінінен ыс кеуде,
Лажым жоқ, заман зәрін ішпеуге.
Менің жалпақ жауырыныма
жайғасқан
Зіл-зала жүк бекігендей түспеуге.

Оған да оңай қайыспас-ау нар белім,
Ажалдан да оққағарым бар менің.

Алып елім апатты аймақ атанып,
Жерге қарап қалмаса екен арлы елім.

Лирикалық кейіпкердің әлеуметтік-психологиялық ахуалының негізі осы жолдарда көрініс тапқан. Ол негіздің басты тіректері мынадай: жалғандық; қиянат; алып елінің апатты аймақ атану қаупі.

Жалғандықтың, қиянаттың атам заманынан бері үзілмей келе жатқаны анық. Бұлардың Тәуелсіздік кезеңінде де түр-түсін құбылтып, жаңарып, жаңғырып алғаны шын. Бұлардың алып елді апатты аймаққа айналдыру қаупі де әріден келе жатқаны рас. Ақынның лирикалық кейіпкері Тәуелсіздік кезеңінде қарыштап құлаш жайған жаһандану, оны пайда табу көзіне айналдыруға тырысу жағдайында осы қауіптің қоюланып, қатері күшейіп келе жатқанын сезгендей болады. Ақынның лирикалық кейіперінің қаупі негізсіз емес.

Ақынды туған жеріндегі Тайлақарық тағдыры да қатты толғандырады. Олең былай басталады:

Туған жер,
Ту шалқытқан Тайлақарық,
Жатушы ең лайланып, жайлап ағып.
Құты еді қос кемерің қонысымның,
Аулымның ырысы едің айдан анық.


Сулы жер – нулы жер. Сулы жердің ырысы көлдей шалқиды. Сулы жердің көлдей шалқыған ырысы - ондағы ел-жұрттың, ауыл-аймақтың құты, берекесі. Ақынның лирикалық кейіпкерінің өмірінің балдай тәтті, қызықты шағы осындай жерде, осындай елде өткен. Сондықтан да оған Тайлақарық, Тайлақарықтың суы, оның жағасындағы ауыл-аймақ, ел-жұрттың берекесі – баға жетпес қымбат қазына. Ендігі тұста Тайлақарық созылып жатқан жер де біреудің меншігіне көшкен. Меншік иесі Тайлақарыққа өзінің көзі жеткен межеден қарады, одан ары асып қарауды қажет деп таппады. Ақын Тайлақарықтың ақырын алыстан естіп қапаланады:

Атажұрт!
Абат мекен – Тайлақарық,
Су емес, қайтушы ек-ау қаймақ алып!
Тып-типыл тегістепті деп есіттім,
Басайын өксігімді қайда барып?!

Сағасын, сабазым-ай, алған өрден,
Жатушы ең жүрегімді жалғап елмен.
Естілер есімізде арық қазған,
Есерді естімеппін арна көмген.

Елді мекендерді суландыратын су жүйесін жасау туралы мақсат елдің қамын ойлаудан туады. Тайлақ арықты қазуды қолға алып, оның арнасын суға толтыру, оның игілігін бір өңірдегі бүкіл ел-жұрттың бірдей көруін қамтамасыз ету - қалың елдің қамын жеген халық ұлының ісі. Көпке пайдасын тигізу – Құдай деген кісінің ісі. Ал бір өңірдегі бүкіл ел-жұрт, ауыл аймақ игілігіне пайдаланып, өсіп-өніп, өнім алып отырған судың көзін жойып, арнасын көміп тастау адам баласының батылы барып істейтін ісі емес. Ел пайдаланып отырған судың арнасын жермен жексен етіп тегістеп тастау – ел мен жердің ырыс арнасын, құт-береке көзін жоюмен пара-пар іс. Екінші жағынан, Тайлақарық – ақынның, ақынның бала күнгі достарының балалығы қалған, балалығының балдай қызығы қалған, ел-жұрттың талай буын ұрпағының ардақ тұтар асылына, қадір тұтар қасиетіне айналып кеткен су арнасы. Оның көзінің бітелгені, арнасының жермен жексен болып тегістеліп кеткені – ел-жұрттың талай буын ұрпағының жүрегіндегі асыл, қасиетті құндылыққа қол салып, оларды суырып алып, аяққа таптаумен тең. Ақын Тайлақарық арнасы көмілгенде осындай күйге түсіп, тебіренеді.

Адам баласы өмірге жылап келіп, жылап кетеді. Осы ойды қазақ ертеде-ақ айтқан. «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі». Бұл - Абайдың айтқаны. Адамның бәрі бірдей өмірге жылап келгенмен, бәрі бірдей өмірден жылап кетпеген. Абай жылап келіп, жылап өтті, жылап кеткен жоқ, «әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай» кетті. «Күлемін де жылаймын, Жылаймын да күлемін», - деп Қасым Аманжолов өтті. Мұқағали жүрегінен жас тамып тұрып: «Жылап келіп, келмейді жылап кеткім», - деп бұлқынды...



Серік Томанов (1956-2003) өмірге жылап келді, өмірде жылай тұра күліп, күле тұра жылап өтті, өмірден жылап кетті. Серіктің өмірге жылап келуінің себебі көпке түсінікті: төрт мүшесі түгел, бес сезімі бүтін жанның мына дүниеге жыламай келуі мүмкін емес. Бұған алып-қосар бірдеңе іздеу артық. Серіктің өмірде жылай тұра күліп, күле тұра жылап өтуінің себебі де түсінікті: өлеңдерінде тұнып тұр. Сөйткен өмірден Серіктің жылап кетуінің себебі – Серіктің өмірде алдынан күткендері, қимастары, қимайтындары, қоштасқысы келмейтіндері көп болды. Мұны жастың ісі, «саусағын жайып алыстағы айға талпынған» жас жүректің ісі десек керек.

Жырым жылайды,
Мен жыламаймын.
Қан жылап өткен бар жыры Абайдың.
Аңғалағыма жас тұрмас менің,

Аңғары құрғақ сай-жырадайын

Мен жыламаймын,
Жырым жылайды...

«Мен жыламаймын...» өлеңінде ақын осылай толғанады. Ақынның сөзі құлағына жеткендей болса, Абай атасы: «Е, айналайын, жылама», - дердей. Ақын: «Мен жыламаймын, жырым жылайды», - деп, атасын, атасымен бірге өзін жұбататындай. Серік атасының жайын кейін білсе, атасы Серіктің жайын әлімсақтан білген сияқты.

Серік жүрекке әмірін жүргізбеді. Жүрек Серікке әмірін жүргізді. Серік дүние есігін ашқанда, Серік болып жылап келген жүрек еді. Дүниеде Серік болып жылай тұра күліп, күле тұра жылап өткен де жүрек еді. Серік дүниеден кетерде тағы да сол ғазиз жүрек Серік болып жылап кетті. Өлеңін, ақындық өнерін, ақындық өмірін қимай кетті.

Шаруа едім тірліктің көшіне ерген,
Таусап таттым жердегі несібемнен.
Көп жыл болды мәңгілік ұйқыдамын,
Топырағым бұйырды осы жерден.

Ата-бабам, бауырым, туысым да
Осы жерде: төбенің қуысында.
Алып кеткен өзімнің ештеңем жоқ,
Топырақ тек қалғаны уысымда.

Серік Томановтың қара кітабы «Пәруана» (2004) осылай басталады. Ақын бұл өлеңіне «Эпитафия (Құлпытастағы жазу)» деп ат қойыпты. Мұқағали ағасы мұндай өлеңін «Зираттағы жыр» деп атаған еді. «Құлпытастағы жазу» десек те, «Зираттағы жыр» десек те, «Эпитафия» десек те мән өзгермейді. Серіктің көңіл күйі де Мұқағали ағасының көңіл күйімен сарындас, олар да өзгеретін емес.

Өлең жолдары сабырға толы. Тіріде таусылмайтын тіршілік қамы, әлденеге талпыну, әлдеқайда асығу, әлденеге реніш, әлденеден үміт... – өлеңде де, өлең шыққан көңілде де бұлардың ешқайсысының елесі жоқ. Ақынның өлеңі де, өзі де ақиқатқа жетіп, ақиқатқа айналған, ұлы сабырмен тыным тапқан.

Серік Томанов өмірінің бір жартысын Тәуелді заманда, екінші жартысын Тәуелсіздік кезеңінде өткізді. Ақыннан қалған шығармалар ел-жұртқа үш кітап болып жетті: 1) Томанов С. Пәруана / Алғы сөзін жазған Маралтай Райымбекұлы. – Алматы: Үш қиян, 2004; 2) Томанов С. У / Құрастырғандар Марал Томанова, Еркін Жапаров. Алғы сөзін жазған Абдұлла Бақбергенов. - Алматы: Атамұра, 2006; 3) Томанов С. Соғады сен деп жүрегім. - Алматы: «Хантәңірі» баспасы, 2017. Үш кітап та ақын дүниеден өткен соң жарық көрді.

Ақынның шығармашылық талантының толысқан шағы Қазақстанның Тәуелсіз Республика болып қайта құрылып, қалыптасу кезеңіне сәйкес келді. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіндегі түрлі қайтақұрулар оңай болған жоқ. Оның қиыншылықтары шығармашылық тұлғалар үшін де қиынға соқты. Қалам ақы жоқ, лайықты жұмыс орны жеткіліксіз, адамдардың сатуға, сатып алуға, алып қалуға, қалайда мал табуға ұмтылған сапырылысы қалам ұстаған ақын үшін, шығармашылық еңбек адамы үшін бейтаныс, жат болды.

Ақынның лирикалық кейіпкерінің шындық іздеп жүріп өтірікке тап болған, әділет іздеп жүріп әділетсіздікке кез болған, адам іздеп жүріп наданға тап болған жағдайдағы хәлі - ақынның шығармашылық мұрасының өзекті желілерінің бірі. Ақын қоғамдық құрылыс ауысып, қоғамдық құндылықтар алмасып, жаңарып жатқан шақтағы күрделі, қайшылықты ахуал жағдайында адамның күнделікті тірлігінің күйбең көріністерін термей, ішкі әлеміне еніп, жан сырына үңіледі. Қоғамдық құрылыс ауысып, қоғамдық құндылықтар алмасып, жаңарып жатқан шақтағы күрделі, қайшылықты ахуалдағы адамның ішкі әлемінің төріндегі, жан сырының тереңіндегі хәлі – ақын лирикасының әрі мен нәрі. Серік ақын ретінде өз шығармашылығының әрі мен нәрін ішкі әлемінің төріндегі, жан сырының тереңіндегі осы халден тапты. Уақыттың ауыр тынысын терең сезінген жанның көңіл күйін үлкен ақындық шеберлікпен толғады.

Көңілі тоқ, қамсыз жандар үшін мұң-шерді, мұң-шер өлеңдерін қабылдау, түсіну қиын. Оларға кінә артуға болмайды. Бірақ шындықтың жүзіне тура қараудың артықшылығы жоқ. Ақынның лирикасында шындықтың шырылы бейнеленген. Ақынның лирикалық кейіпкерінің сыры, мұңы, шері - оның өмірінің шындығы. Онда иненің жасуындай да қалп айтылған сөз жоқ. Ақынның маңдайындағы тағдыр жазуы осындай. Ақынның лирикалық кейіпкерінің сыры мен шыны көздің жасындай кермек татитыны, тіпті ащы екені рас. Бірақ ащыны білмей, тәттінің қадіріне жету оңай емес. Өлеңдегі ащының азабын тартқан лирикалық кейіпкердің сыры мен шынында танымдық және тағылымдық мән бар.

Бозторғай жауын-шашында бұтаның түбін паналайды. Шөптің бұтасы жауын-шашында бозторғайға сенімді пана болады. Тағдырдың ыстық-суығында, жауын-шашынында ақынның жаны қайдан сая табар. Ақынның әнімен әлдилеп, өлеңімен тербеткен тауы мен даласынан, сайы мен саласынан сайғақ құрлы сая таппай өтетіні болады екен.

Серік образын жасаған, сыры мен шынын ашқан лирикалық кейіпкер Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясынан дара, ерекше тұлға болып орын алды.

Ақын өлеңіндегі ой образды, сөз суретті, сезім сұлу. Ақынның образды ойы, суретті сөзі, сұлу сезімі – бәрі тіл құдіреті арқылы өріледі. Ақынның тілі шынында да сайрап тұр, тап-таза. Ақынның жаны жібек жалаудай: самал лебін сезінсе, алтынды шашағын желбіретіп, елбіреп тұрады. Шөл даладағы шөл өсімдігінің арманын сезінсе де үлп-үлп етіп, лүпілдей жөнеледі.

Тағдырыңа тауфиксыз әлің келмей,
Ала жаздай бір тамшы жауын көрмей,
Өткіздің бе өмірді үмітпенен,
Жауын құмар жаныңа дамыл бермей.

«Күз. Шөл өсімдігін жұбату» өлеңі осылай басталады. Шөл өсімдігінің аты-жөні, түр-түсі белгісіз. Бірақ оның тірлігі, әл-ахуалы, жай-күйі толық көрініс тапқан. Төрт жолдың әрқайсысының өз мәні, өз мағынасы бар. Шөл өсімдігі. Тауфиксыз тағдыр. Тауфиксыз тағдырға әлі келмеу. Үш бунақтан тұратын бір тармақта осындай үш түрлі сындарлы ой өзегі бар. Шөл өсімдігі. Шөлге біткен, шөлде өнген өмір. Шөлдің шөлі қанатын болса, ол шөл бола ма. Шөлде өскен өсімдіктің шөліркемейтіні бола ма. Шөлде өсіп, шөліркеген өсімдіктің шөлін басу үшін көл жағасына барып өсуіне тағдыр жаза ма, шөл өсімдігі көлге бітіп, шөлін бассын деп тауфиксыз тағдыр өзгере ме... Шөлде өніп, шөлде өсу – тағдырдың жазуы. Ала жаздай бір тамшы жауын көрмеу – тағдырдың жазуы. Өмірді үмітпен өткізу – тағдырдың жазуы. Тағдырдың жазуы өзгермейді, өзгертілмейді.

Ойға алған көп тілегің орындалмай,
Арманда қалдың ба екен шөлің қанбай.
Тым болмаса шаңыңнан арылтайын,
Сезінші бір жанкүйер табылғандай.

Шөлде өніп, шөлде өскен де, көлге бітіп, көлде өскен де армансыз болмайды, тілеген тілегінің бәріне жетпейді. Көлде өскеннің де, шөлде өскеннің де өмірінің өзегі судан нәр алады. Көлге бітіп, көлде өскен өскіннің шөлді аңсамайтынын кім біліпті. Аңсайтын болса, ол да шөлді өле-өлгенше аңсар еді, шөлге шығып шөліркеуден ол да үмітін үзбес пе еді... Құдайдың құдіретімен шөлге бітіп, шөлде өскендердің өзі де, өзегі де су аңсап өсіп, су аңсап өтеді. Шөл өсімдігі өссе, су аңсап өседі, шөл өсімдігі өлсе, су аңсап өледі. Шөл өсімдігінің осындай тағдыр-талайы, шөлге де, ыстыққа да үнсіз шыдаған, шыдамы жетпеген жерде үн-түнсіз үзіліп кетуге бар жай-күйі ақын жанынан мейір-шапағат сезімін туғызады. Сол сезім ақыннан ақынның лирикалық кейіпкеріне жетеді. Ойға алған көп тілегі орындалмаған, шөлі қанбай арманда қалған, өзін шаң басқан, өзегіне тамшы тамызар бір жанкүйер, бір жанашыр таппаған шөл өсімдігіне мейірімі түскен лирикалық кейіпкер оған қолынан келген көмегін көрсеткісі келеді. Шөлде өскен сол өскіннің өзіне бір жанкүйер келгендей сезінуінен бақыт табардай толқиды, соның шөлін басқысы, соған сүйеу болғысы келеді. Жанашыр іздегенге жанашырлық көрсетуге, сусағанға су беруге, сүрінгенге сүйеу болуға, жаны жабырқағанға жансерік болуға дайын тұрған лирикалық кейіпкердің шөлге де, шөлдегі өксікті өскінге де ықыласы түсіп, жүрегі рақым нұрына, мейірім шуағына толып елжіреген қалпы – ақынның ішкі қуатынан, талант табиғатынан туған

тамаша көрініс. Ақынның ішкі қуатынан, талант табиғатынан туған осы тамаша көрініс – ақын өнерінің асыл өзегі, ақын болмысының абзал қасиеті.

Шөл өсімдігін жұбату мына шумақпен аяқталады:

Теңіз бен өзендерден шалғай жатып,
Өмір кештің таңдайға нәр алмай түк.
Шілдеден шыға алмайтын шөп-шалам көп,
Күресіп күзге жету қандай бақыт!

Жер бетінде өніп-өсетін жайсаң өсімдіктердің өмір жасы көктемде басталып, күзде аяқталады. Шөл өсімдігінің өмірі де осындай. Бірақ шөл өсімдігі тіршілігінің әрбір қас қағым сәті үшін күреседі, өмірінің күзіне толассыз күреспен жетеді. Шөл өсімдігі өзегіне тамбаған тамшы судың орнын қайсар рухымен толтырады. Әйтпесе өзегі құрғап, өзі қурап, желге ұшып кетпек. Шөл өсімдігі бәрін көрді, бәріне төзді, бәріне шыдады. Өзегін қайсар рухымен нәрлендірді. Сөйтіп күзге жетті.

Дүниеде шаң баспайтын ештеңе жоқ. Шаң шынның жүзі мен асылдың көзіне де қонады. Ақын өлеңінде адам өмірінің, дүние шындығының шаңнан арылып тазарған, саф алтындай сарғайған, сөйтіп сығымдалып бір тал шөл өсімдігіне айналған бейнесі жасалған. Шөл өсімдігі – сөзбен салынған сурет. Суреттің бояуы қанық. Шөл өсімдігінің таңдайына нәр алмай, сіресіп өскен, тағдырдың жазуымен тіресіп өскен қалпы, айналасы, ортасы – бәрі көңілдің көзінде, көздің алдында тұрады. Шөл өсімдігі – күрескер. Шөлде өніп, шөлде өсу, шөлмен күресіп, күзге жету – сүйегі асыл, негізі берік берен болмыстан, мұқалмас, жасымас қайсар рухтан.

Жырланбаған соң өмір өлең боп,
Терек боп кеткем тебіренем деп.
Бұтақтарымды паналар дегем,
Періштелерім перілермен кеп, -

дейді ақын бір өлеңінде.

Ақындық өнердің байтақ кеңістігінде ойдың да, ойлаудың да шегі болмайды. Бірақ сол шексіздіктен іздеп тапқан шекті көркемдік бейнелеу құралдарынан елесі естен кетпейтін образ жасау - шығармашылық ойлаудың кемелдігінің нәтижесі. Ақынның терекке айналып кетуінде оның өз болмысына, табиғатына, өміріне жат ештеңе жоқ. Адамнан, тірліктен іздеп таппаған ізгілікті терек болып сезінуге талпыну ақын өмірінің шындығына қайшы емес. Періштелері перілерімен келіп, бұтақтарын паналар деп теректің кейпіне түсу, жанын жапырақ қылып желбірету - ақынның образды ойлауының, образ жасау жолындағы көркемдік қиялдауының бастапқы сатысындағы көріністер. Өлеңнің келесі жолдарында көркемдік қиял жаңа

деңгейге көтеріледі. Бұтақтарын жайып, жапырақтарын желбіреткен терек адам болып, ақын болып армандайды:

Келсе ғой шіркін Ғайып-Еренім,
Жасыл жанымды жайып өлермін.
Жапырақтарым сыбдырлар сонда,
Жолына қарап уайым жегенін.

Ғайып-Еренім – Қырық Шілтенім,
Жылау жанымды жылытсын демің.
Жолыңа сенің жапырақ жайып,
Бұтақтарымды бұрып сілкемін...

Поэзияда тал-терек аз жырланған жоқ және жақсы жырланды. Мұқағали жас қайыңға: «Өмір сүрейік алмасып», - деп сөз айтатын, «Сәби болғым келеді», - деп арман қылатын еді. Ақынның сөзінен де, арманынан да бір керемет саздың сарыны сезіледі. Мұндай сөз айтуға, мұндай арманға талпынуға негіз болған күш қандай, күй қандай...

Серік терекке өмір алмасу, алмасып өмір сүру туралы сөз айтпайды. Серік «тебіренемін деп терек болып кеткен». Ол - терекпен бір. Терек — образ. Оның өзегінің бір жартысы - бал, екінші жартысы - у. Екі жарты бірбүтін болып, бөлінбей, жарылмай ағады. Бірі екіншісімен қосылмайды, араласпайды, бірі екіншісіне сіңбейді. Екеуі де қасиетін өзгертпейді. Сөйте тұра бал у татиды, у бал татиды. Өмірдің өзі сияқты, ақын өмірінің шындығына да ұқсайды.

Ақын мен теректің тұтасып бірбүтін болып, Ғайып Ерен Қырық Шілтенін іздегені, күткені, сол келер ме деп уайым жегені, жылау жанына содан жұбаныш тапқысы, содан жылу алғысы келгені, сол келер жолға бұтақтарын бұрып, жапырақ-жанын жайғаны, сол келер болса, жасыл жанын жайып өліп кетуге бары... – терек боп жайқалған жанның сыры, терек боп тебіренген жүректің жыры, терек боп шайқалған өмірдің шыны: удай ащы, балдай тәтті. Теректі образ деуіміздің мәнісі осында. Терек Ғайып Ерен Қырық Шілтенін ұзақ күтті. Ғайып-Ерен Қырық Шілтен ұзақ күттірді.

Ақынның терек болып күткен Ғайып Ерен Қырық Шілтені - Тәуелсіздікті аңсаудан, Тәуелсіздіктің нәрін татуға талпынудан туған поэтикалық образ. Ақын өзі іздеген, өзі күткен Тәуелсіздікті көрді, бірақ Тәуелсіздіктің нәрін тата алмады.

Серік Томанов Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ өлеңінің көркемдік бейнелеу қорын жаңа поэтикалық өрнектермен байытты. Өлең өнерінің әлеміне мағыналық қатары мен қатпары табиғаттың өзіндей түрлі түсті асыл суреттер мен образдар алып келді. Қазақ өлеңіне жаңа саз, жаңа сарын қосты. Бар мен жоқтың, ащы мен тәттінің, көл мен шөлдің аралығында дариядай шалқып, сағымдай қалқып аққан өмірден көргені мен білгенін, көкірегіне көшіріп, көңілінде байытқан қазынасын өлеңдерінде қалдырды, өлеңдерін өмірге қалдырды.



Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының жанрлық құрамында лайықты орын алған бір сала – төрттаған. Шығыс халықтарының поэзиясында төрттағанның небір тамаша үлгілері бар. Оның келісті, көркем кестесі қазақ поэзиясы кеңістігінен де жарқырап көрініс тапқан.

Төрттағанның Тәуелсіздік жылдарындағы айтулы авторларының бірі – **Арғынбай Бекбосын**. Арғынбай Бекбосын, әуелі Шығыс поэзиясының жарық жұлдызы Омар Һәйямның рубаяттарын қазақ тіліне аударды. Омар Һәйямның рубаяттарының қазақ тіліндегі алғашқы аудармашысы Қуандық Шаңғытбаевтың ісін

жалғастырып, үлкен жетістіктерге жетті. 1998-2001 жылдары «Мың түрлі ой» деген атпен төрттағандар кітабының бірінші және екінші дәптерін жарыққа шығарды. «Фәнилік драма» деген атпен 2004 жылы 1500 рубаятын жариялады, ал 2010 жылы оқырмандарына 2500 рубаятын ұсынды (Бекбосын А. Фәнилік драма (2500 рубаят). – Алматы, 2010. – 372 б.). Ол бес дәптерден тұрады.

Рубаят – Шығыс әдебиетінде ертеден бар жанрлық түр. Рубаяттың Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясында қалыптасуы мен дамуына Арғынбай Бекбосын зор еңбек сіңірді.

Рубаят – философиялық-лирикалық сипаттағы шығарма. Тіршіліктің ойлы-қырлы кеңістігіндегі қайшылықты құбылыстардың ақыл мен сезімге түскен ауыртпалығынан туатын терең де тегеурінді ойлардың төрттағандап түскен суреті төрткүл дүниенің сырын танытады.

Мына өмір – қисық айна. Кімге кәде
берерін шатастырған. Күлме, кәне!..
Жаманның өз обалы өзіне ғой,
Жақпайсың жақсы боп та. Бұл не пәле?!

Қоғам, қоғамдық сана, адамдардың қарым-қатынасы өзгергенде, қоғамдық құндылықтар да өзгереді анық. Мұндай өзгерістер кеңістігінде өзінің қалыптасқан мінез-құлқын, адамдық-азаматтық ұстанымын, қалыптасқан құндылықтар жүйесін сақтап қалған адамға өзгелер өздерінше қарайтыны рас. Бұның өзгелерге, өзгелердің бұған жақпауының мәнісі осында.

Мейірімділік жағынан бос тұр безбен..
Жабайы аңға ұқсаймыз тас, қыр кезген.
Біреуді біреу мүлде жақтырмайды,
Біреуге біреу қарап қасқыр көбен... –

деген төрттағанда да осындай сыр бар. Жекенің, жалқының сыры емес, жалпының, төрткүл дүниенің сыры.

Болмысындағы мейірімділік, рақымдылық нұры өшіп, жыртқыштық, қайырымсыз қатігездік үстемдік алғанда, адам адам болудан қалып, жабайы аңға, қорқауға, қасқырға ұқсайтыны ақынның жүрегін шошытады.

Адамның өзі сияқты басқа адамға адамшылықпен, мейірімділікпен қарауы – үлкен рухани құндылық. Кісінің өзіне тілемеген жамандықты өзгеге де тілемей, өзіне тілеген жақсылықты өзгеге де тілеуі – адамшылықтың бірден-бір басты негізі. Бұлардың қайнар көзі – үш сүюде. Оның біріншісі және әуелгісі – Аллатағаланың адамды сүюі; екіншісі – адамның адамды сүюі; үшіншісі – адамның адамзаттың бәрін сүюі бауырым деп. Бұл үшеуінің тұтастығын Абай «имани гүл» деп түсіндіреді. Адамның жүрегінде осы үшеуінің бірі болмаған жағдайда, қалған екеуіне де орын жоқ. Құдайға құрметі жоқ адам өзге адамның қадіріне жетпейді. Адамның өзгеге жақтырмай, жыртқыштың, қорқаудың, қасқырдың көзімен қарауының себебі осында. Ақынның суреттеп отырғаны біреу немесе екеу емес, одан әлдеқайда көп. Екіншісі бірі емес, екіншісі екеуі де біріне-бірі «қасқыр көзбен қарап», тісін қайрайтынға ұқсайды. Ал мейірімділіктің безбені бос тұр. Бұл ақынның ойынан шығарғаны емес, көз алдындағы шындық көріністі шынайы қалпында бейнелеуі нәтижесінде туған көркем сурет. Автор фәнилік драма өзегіндегі қайшылық пен тартыстың сыртқы қыры мен ішкі сырын осы шындықтан табады.

Замана өзгереді... Ол түсінікті...
Ел арып, аз ғана топ ісініпті.
Сол топтың жастарына жан ашиды,
Білместен кетер ме екен кісілікті...

Ел арыған. Аз ғана топ ісінген. Ел жоқтықтан арыған болса, аз ғана топ тоқтықтан, байлықтан ісінген. Фәнилік драманың бір желісін ақын жердің үсті мен астындағы қазына-байлықты өзінің иелігіне алған аз ғана топ пен сол топтың жастарына тән мінез-құлықтың, соларға тән таным мен тағылымның кісілікке жатпайтын ынсапсыз сойқанынан, тоймайтын көзінен, толмайтын аранынан таратып айтады. «Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген ынсап?» [2, 205-206], не деген кісілік? Бұл - кісіліктен кеткен жанның мінез-құлқының көрінісі. Кісіліктен кеткен, ынсапсыз жанды кісі деуге негіз жоқ. Фәнилік драмадағы тартыс өзегіндегі қайшылықтың бір қыры осындай.

Қолыңда болсын мейлі Жер кіндігі,
Ашылсын әміріңмен ел түндігі,
Құдірет емес оның бәрі, бәрі,
Құдірет – өз ойыңның еркіндігі! –

төрттағанындағы ақындық ойдың түйіні – ойдың еркіндігі. Рубаятта ойдың еркіндігімен тең түсер күш жоқ. *Биліктің, байлықтың тізгінін ұстау, жер*

кіндігін ұстау ұғымдары дүние билігін, дүние байлығын ұстау деген мағынаны тұспалдап жеткізеді. Билікқұмарлық, дүниеқұмарлық сияқты құмарлықтардың құрсауында қалған жағдайда, ойдың дербестігі, сананың еркіндігі ғайып болатыны, ой да, сана да сол құмарлықтарға құл болып қызмет ететіні түсінікті. Дүниедегі игілікті, ізгі деген істердің бәрі де адамның ақыл-ой еркіндігі нәтижесінде жасалады. Кісі өз ойының еркіндігімен ғана кісі болып қалмақ.

Рубаятта қарапайым ғана ой айтылғандай көрінуі мүмкін. Байыптап қараған адамға оның мәнісі тереңде екенін аңғару да қиын емес. Тіршілікте істер ісін, жасар билігін өз ойының, өз ақылының таразысына салмай, нәпсінің айдап салуымен, өзгенің айтуымен, өзгенің дегені бойынша іс қылатындар болады. Бұлар – өз алдына тұтас бір қауым. Олар істер істің мәнісіне мән беріп жатпайды, мән беруге мүмкіншілігі жетпейді. Шап десе, шабады, ат десе, атады, ас десе, асады. Оған ой, ойдың еркіндігі, ойдың жасампаз қызметі керексіз. Онда ой, ойдың еркіндігі деген болуға тиісті емес. Оның билігі немесе оған нәпсінің билігі қандай зор болса, ол айналасына сондай қауіпті, қатерлі. Ақылмен, еркін ойдың еркімен жасалмаған билік - адам баласын аздыруға, тоздыруға алып келетін билік. Кісінің ақыл-ойының еркіндігін оның қолындағы немесе бойындағы күштің билігінен жоғары қоюда А.Бекбосынның ақындық танымы мен азаматтық ұстанымы қатар көрініс тапқан.

Ақынның рубаяттарына оның өзі көзімен көрген, жүрегімен сезген шындық құбылыстар негіз болған. Осындай құбылыстардың қатарында тіл, ана тілі жайы Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясында басты тақырыптардың қатарынан орын алды. Тіл тағдыры Арғынбай Бекбосынның рубаяттарында философиялық, әлеуметтік ойлардың түйіні түрінде пайымдалды.

Ел «тілім» деп тіріле бастағанда,
Кәрі сайқал Сатқындық басты амалға:
Өзге тілде сөйлетіп өз баласын,
Қазақ тілін үйретпек басқа адамға!..

Ой анық, ойға арқау болған шындық оқиға нақты. Қазақ тілін үйренбек, қазақ тілін өзгелерге үйретпек болып құлшынғандардың қалың шоғыры ақын «кәрі сайқал Сатқындық» деп ат қойғандардың қатарынан шықты. Осылар мемлекет қаржысы есебінен қазақ тілін үйрететін оқу орталықтарын ашты, осылар қазақ тілін үйрететін оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Осылар қазақ тілін жақсы үйретпек үшін екі тілде оқытты, одан кейін үш тілде оқытты, келе-келе қазақ тілін ағылшынша оқытуға көшті. Осының бәрі жаңалық, жаңа табыс қатарында насихатталды. Арғынбай Бекбосын мына рубаятында Қазақстандағы қазақ тілінің жайын бір қырынан ғана көрсетті. Сол бір қырынан көрінген шындық болмыстың өзінде сұрапыл күштің сойқанды ісінің ізі анық бедерленген.

Намыстың құны – бізде қара бақыр!
Сенбесең, серт те берем, қара да тұр.
Өз тілін өзге тілмен буындырып,
Қарашы, мына ел қайда бара жатыр?! –

төрттағанында да бір ғана ой бар: *өз тілін өзге тілмен буындырып*. Осы бір жол-біртаған ойдың өзінде бірнеше ғасырдың белін майыстырып, қабырғасын қайыстырғандай ауыр салмақ жатыр. Ақын өзінің оқырмандарына осы салмақтың зардабын сездіргісі келеді. Қазақ тілін ағылшын тілінде оқыту – қазақ тілін өзге тілмен буындырудың өрескел, надандықпен бүркемеленген оңбаған үлгісі. Бұл ақын ойдан шығарып айтып отырған нәрсе емес. Мұны болмыстағы шындықтың көрінісі екендігіне біреу сенсе, біреу сенбейді. Сенбегендер қазақ тілін ағылшынша оқытудың мүмкін еместігін ақылға салып біледі. Ақын рубаяты қазақ тілін ағылшынша оқыту туралы емес, қазақ тілін өзге тілмен буындыру туралы. Қазақ тілін өзге тілмен буындырудың амал-айлалары, тәсілдері алуан түрлі. Қазақ тілін ағылшынша оқыту – сол алуан түрлі амал-айла, тәсілдердің бірі.

Болмыстың түрлі қырлары мен сырларына бойлаған ақын бір рубаятында мынадай ой ұсынады:

Ел азып, кеміп кетсе келеден іс,
Жалғандық шындығына бере ме дес?..
Шындық деп шырылдар тек бейшаралар,
Күштіге шындық мүлде керек емес!

Шындық пен жалғандықтың тартысы, күшті мен әлсіздің қайшылығы атам заманынан бері бір тоқтаған емес. Оны тоқтату мүмкін емес. Күштінің шындығы – оның күштілігі. Күштінің күштілігі – дүние байлығында. Дүние байлығы адамдардың бәрінде бірдей бола алмайды. Күшті шындықтың өлшемін өзінің күшіне салып анықтайды. Күшті шындықты өзінің күшіне салғанда, шындық шырылдайды, шырқырайды.

Шындықтың халықтық өлшеуі – ақыл таразысы, жүректің рақымы. Ақыл таразысы бұзылған жағдайда, жүректен рақым қашқан жағдайда шындыққа көз жетпейтін болады. Бірақ халықтың ақыл таразысы бұзылмайды, халықтың жүрегінен рақым нұры өшпейді. Ақын осыдан үміт етеді, осыған сенеді.

Қайғырма, ит қапты деп налыма да!
Сұрашы ақсақалдан барып ана:
Адамы аз, иттері көп дүниеде
Жанында жарасы жоқ табыла ма? –

дейді ақын.

Арғынбай Бекбосынның әр рубаятындағы әр ойдың айналасында оқырман жұрттың көңілін тербеп, толқытатын, толғандыратын сырлар бар. Арғынбай Бекбосын толайым түр, орайлы ойлар жүйесімен, сындарлы сырымен Тәуелсіздік кезеңі поэзиясының дамуына өрнекті үлес қосты.



Тәуелсіздік кезеңінің поэзиясын төрттағандап тартып, орынды сөздің орайын тауып, ғазал үлгісінде ойланып айтып, толғанып толғап келе жатқан ақын бар. Ол – **Темірғали Көпбай**.

«Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді»², - дейді Абай. Маңызы мен мәні, сыны кетпей, әріден келе жатқан сөз. Осы сөзден адамға ғана қатысты емес, өнерге, өнер туындысына да қатысты қасиет танылады. Өлеңнің де қасиеті ішінде. Ішкі қасиеттің сыртқы ажармен ашылуы, ішкі қасиет алтын болғанда, сыртқы ажардың күміс болып келуі өмірде де, өлеңде де сирек.

Өлең сөздің іші алтын, сырты күміс болуы - жайнаған жарасымның көрінісі. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» жайнаған жарасымымен жанар жасқағандай жарқырап тұруының өзі тамаша. Жайнаған жарасымымен жанар жасқағандай жарқырап тұрған тамашаға қарамаймын деген жанның өзі көз салмай өтпейді. Ондай тамаша көп болмайды.

Темірғалидың сөзінің іші - алтын. Темірғалидың сөзінің қасиеті ішінде, «Алла тағала қарайтұғын қалыбында, боямасыз ықыласында».

Темірғали Көпбай өзінің төрттағандарын көпшілікке «Даналық тәпсірі»³ деген атпен ұсынды.

«Даналық тәпсіріндегі» бірінші төрттаған мынадай екі жолмен түйінделеді:

Бір ғұмырға татитұғын сәттер бар,
Ғұмыр да бар татымайтын бір сәтке.

Жер бетінде жүре тұрсақ демейтін адам жоқ. Лұқман хакімнің бір мысалы «Адам мен ажал» деп аталады. Бір адам үйіне отын арқалап келе жатыр екен дейді. Отынды шауып, жинап, арқасына салып арқалап келе жатқан адам қатты шаршайды. Өмірдің ауыртпалығынан қажыған қарт арқасындағы отынның астында теңселіп келе жатып, бір биіктің басына шыққанда: «Уф! Бүйтіп азап шеккенше өлсем еді. Ажал да алмай қойды. Ей, ажал, қайдасың?!» - деп, отынын жерге қойып, өзі отынына сүйеніп дем алып отырады. Сол сәтте ажал жетіп келіп: «Міне, мен мұндамын. Неге

² Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. – Алматы: Ғылым, 1977. – 206-бет.

³ Темірғали Көпбай. Даналық тәпсірі. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. – 264 б.

шақырдың?» - депті. Сонда әлгі адам: «Сені мына отынды маған арқалатып жіберу үшін шақырдым. Кәне, арқалатып жібер!»⁴ - депті.

Мысалдың соңында мынадай түйінді ой бар: «Адам баласы өмірдің ауыртпалығынан қанша қажып, қиналса да, оны қиып кеткісі келмейді». Адамның жаратылысы осындай. Жаратылысы осындай адамға Темірғалидың өз айтары бар. Темірғали айтумен тынып қалмай, ой салып, ойландырып қояды. «Бір ғұмырға татитын сәттер» деп ақын қандай сәттерді айтып отырғанын, «бір сәтке татымайтын ғұмыр» деп қандай ғұмырды айтып отырғанын білгіміз келіп, ойланып қалатынымыз рас. Ақын қозғап жіберген ойдың түбіне бойлау оңай емес. Өйткені ақын бұл жерде шеберлік көрсетіп қана қоймайды, маңызы шалқыған, мәні тасыған тереңдік аңғартады.

Орынды, қисынды. Ойдың алғырлығы, тапқырлығы бірдей көрініп тұр. Асылында, төрттағанның семантикалық құрылымында ақындық ойдың алғырлығы, шығармашылық қиялдың жүйріктігі, қиыннан қиыстырып, қисынын табудағы шеберлік аса маңызды поэтикалық қызмет атқарады. Темірғалидың төрттағандарында ақындық ойдың алғырлығы, шығармашылық қиялдың жүйріктігі, қиыннан қиыстырып, қисынын табудағы шеберлік үлгісі тең түсіп жатады.

Ұзақ ғұмыр жасағысы келгенмен,
Қартайғысы келмейді екен ешкімнің, -

деген келесі бір төрттағандағы ойлар да қиыннан қиысқан. Ақын бір сырдың екі қырына тән мән мен мағына арақатынасындағы ерекшеліктерге сүйене отырып, тосын поэтикалық анықтама жасайды. Адамның ұзақ жасағысы келетіні рас, адамның қартайғысы келмейтіні де шын. Ұзақ жасау – басты тілек. Ұзақ жасау туралы тілегіне жеткен адам қартаймай қалмайды. Ұзақ жасаудың нәтижесі – қартаю. Табиғаттың заңы осындай. Бұдан қашып құтылар жан жоқ. Бір адамның көңіліндегі осы екі тілектің мәні мен мағынасындағы қайшылықты реңктер жоғары көркемдік әлемінде, шын шеберлік шыңында ой түюге негіз болған. Ақынның түйген ойы тіршілік философиясының келісті кестесіндей, поэтикалық өнердің өңін бермес өмірлі өрнегіндей шынайы және шырайлы.

Біздер, біздер мөлдіреген шықтаймыз,
Тіршіліктің шеңберінен шықпаймыз.
Нағыз өмір басталар деп жүргенде,
Өмір өтіп кететінін ұқпаймыз.

Өркімнің басында болатын, көкейінде жүретін, бірақ өзі сезбейтін шындық сырын ақынның төрттағанын оқыған соң ғана тапқандай болып таңданысатын жай да болады. Кісінің көкейінде тұнып жатқан сырды түртіп

⁴ Лұқман хакім. Даналық сөздер / Құраст., басқа тілдердегі мәліметтерді қазақшалаған, зерттеу мен түсініктерді жазған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 47-бет.

оятып, оны сол кісінің өз танымы арқылы ашу – Темірғалидың оңтайлы және қапысыз меңгерген ақындық тәсілі.

Сырды айттым көз жасындай көздегі,
Кей дарын күнге найза кезенеді.
Талантқа тас атудың керегі жоқ,
Талантты мақтай берсең, өзі өледі, -

дейді Темірғали.

Осы төрттағанға дейін Темірғалиға арнап бірер мақтау сөз айтпақ едім. Мынадан кейін ол ойымнан қайттым. Мақтау сөзімді айта беріп кілт тоқтадым. Аздан соң сабама түстім. Көңілім тынышталғандай болып еді, осы төрт тағаны үшін Темірғалиға сын айтқым келді. Бірақ төрттағанның төрт аяғы бірдей шындықтың үстінде тұр. Шындық болғанда тілді үйретін тәтті емес, ащы, ащы шындық. Шындықты шындық болғаны үшін мақтаудың керегі жоқ. Шындыққа ащылығы үшін сын айту дұрыс емес. Шындықтың шындық екенін мойындау қажет, одан көз жазып қалмау керек. Темірғалидың төрттағаны – төрт тағандап тұрған шындық. Оны мойындамасқа, оны қабыл алмасқа болмайды. Темірғали мойындамасқа, қабыл алмасқа болмайтын шындықты айтыпты. Менің білуімше, мойындамасқа, қабыл алмасқа болмайтын шындықты шырайын ашып айту шын ақынның ғана қолынан келеді.

Темірғалидың «Даналық тәпсірі» шығармашылық қабілет пен ақындық пайымдаудағы алғырлық пен тапқырлықтың, ерендік пен берендіктің, тереңдік пен кемелдіктің тоғысуынан туған. Әл-Фараби даналық дегеніміздің «дүниеде бар үздік заттар туралы үздік білім»⁵ екенін айтады. Төрттаған жанрына тән басты ерекшелік – дүниеде бар үздік құбылыстар туралы үздік ой түю, болмыстағы әрбір нәрсенің түпкі себептерін біліп айту. Төрттаған жанрында ізденген шығармашылық тұлға жанр талабына сай дүниеде бар үздік құбылыстар туралы үздік ой түюге, болмыстағы әрбір нәрсенің түпкі себептерін біліп айтуға ұмтылады.

Темірғали Көпбайдың «Даналық тәпсірінде» дүниеде бар үздік құбылыстар туралы үздік толғамдар топтастырылған, болмыстағы құбылыстардың түпкі себептері туралы үздік поэтикалық ойлар қорытылған.

Темірғали Көпбай - дүниеде бар үздік құбылыстар туралы үздік толғамдар түю биігіне шыққан, болмыстағы құбылыстардың түпкі себептері туралы үздік поэтикалық ойлар қорыту деңгейіне көтерілген дара шығармашылық тұлға.

Арғынбай Бекбосынның, Темірғали Көпбайдың рубаяттары, төрттағандары – Тәуелсіздік кезеңі поэзиясының елеулі жетістіктері

Тәуелсіздіктің отыз жылында қазақ поэзиясы тақырыптық және идеялық мазмұны жағынан байыды, жаңа тақырыптардың арналары ашылды, жаңа ойлар мен идеялардың поэтикалық негіздері жасалды, жанрлық құрамы, көркемдік бейнелеу құралдары байытылды, жаңа образдар қатары дүниеге

⁵ Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 230-бет.

келді. Лирикада адамның күйініші мен сүйініші арқылы болмыстың алуан сырлы қырлары мен адамның рухани әлемі арасындағы байланыстардың сан алуан түрлерін, олардың жасырынулы мәндерін таныту бағытында үлкен жетістіктерге қол жетті. Эпикалық суреттеу амалдары арқылы Тәуелсіздік дәуірі адамдарының ішкі әлемін танытудың, ақынның ықтимал әлемінің кеңістігін бейнелеудің көркемдік-эстетикалық жаңа мүмкіншіліктері игерілді. Өмірдің шындық оқиғаларын суреттеуде эпикалық, лирикалық, драмалық дастандар әлеуметтік, философиялық жинақтаудың жаңа биігіне көтерілді.

Тәуелсіздік жылдарында қазақ поэзиясы жаңа мазмұнмен, жаңғырған көркемдік бейнелеу құралдарымен, жаңа поэтикалық өрнектермен байыды, интеллектуалдық жаңа биікке шықты.

2021